A.K. Ospanova, A.D. Spanbayev, B.B. Gabdulkhaeyeva

*This article provides information about identifying species *Cytospora salicis* (Cda.) Rad., *Cytospora pseudoplatani* Sacc., *Cytospora leucosperma* (Pers.) Fr., *Cytospora microspora* (Corda) Rabenh., *Cytospora salicis* found on trees and shrubs Astana, Karaganda, Pavlodar*

УДК: 582.288

**А.К. Оспанова<sup>1</sup>, А.Д. Спанбаев<sup>2</sup>, Б.Б. Габдулхаева<sup>3</sup>**

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті<sup>1</sup>, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті<sup>2</sup>, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты<sup>3</sup>

## **ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАНИҢ ІРІ Өндіріс Қалаларының АГАШ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ТАТ САНЫРАУҚҰЛАҚТАРЫ**

**Аннотация:** Осы мақала Астана, Қарағанды, Павлодар қалаларының *Uredinales* қатарының ауру қоздырығыш саңырауқұлақтарын жан-жақты түрлік құрамына талдау жасап, оларға сыртқы абиотикалық факторлардың әсері зерттелген.

**Негізгі ұғымдар:** Урединиоспора, микромицет, парафиз, телиоспора

Қазіргі кезде қаладағы жасыл желектерді күтіп-баптап қана қоймай, әр түрлі аурулар мен зиянкестерден қорғап отыру қажет. Қалалардағы ағаш-бұта өсімдіктерінің интродукцияланған түрлерінің көбеюі аталған аймакта фитопатогенді микромицеттердің түрлік құрамының күрделене түсіне, таралуына үлкен септігін тигізеді. Бұлардың ішінде басымдылық көрсететіні – микроскопиялық патогенді саңырауқұлақтар. Бұл зиянды организмдер жасыл желектің сәндік көркін төмендетіп қана қоймай, өсіп тұрған ағаш-бұталардың эксплуатациялық мүмкіндігін нашарлатып, жасын қысқартады, сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына шыдамдылығын азайтады. Сондықтан осы мақала Астана, Қарағанды, Павлодар қалаларының *Uredinales* қатарының ауру қоздырығыш саңырауқұлақтарын жан-жақты түрлік құрамына талдау жасап, оларға сыртқы абиотикалық факторлардың әсері зерттелген.

*Uredinales* қатарының - 3 түрі: *Melampsora populina* (Pers.) P. Karst., *Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb., иелік өсімдігі- *Betula pendula* Roth; *Melampsora magnusiana* Wagner, иелік өсімдігі - *Populus alba* L. табылды. Саңырауқұлақтардың түрлік құрамы мен фотосуреттері берілген [1].

### ***Uredinales* қатары *Melampsora* туысы**

***Melampsora populina* (Pers.) P. Karst.**

Өсімдіктің жапырағының екі бетінде де кездесті. Сарғыш-қызылт түсті сорустарды жапырақтың кез-келген жерінен көруге болады. Урединиоспоралардың көлемі, 19,7-22 x 12,4-16,5 мкм.

**Иелік өсімдігі - *Populus alba* L.**, жапырағынан табылды


**Табылған жері – Астана қ., қалалық саябак, 30.06.2014 ж., А. Д. Спанбаев. 1-ші сурет.**



A)



B)



C)


1-сурет - А - ауруға шалдықкан *Populus alba* жапырағының жалпы көрінісі; В - жақыннан көрінісі; С - жапырақтағы *Melampsora populina* (Pers.) P. Karst. уредини

***Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb.**

Өсімдік жапырағының ішкі жағынан кездестіруге болады. Урединиоспоралары сопақша келген, арасында шоқпар тәрізділері кездеседі, көлемі 22-34 x 9-11 мкм. Парафиздері жок.

**Иелік өсімдігі – *Betula pendula* Roth жапырағында кездесті.**

**Табылған жері** - Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвар көшесі 03.09.2015 ж., А. Д. Спанбаев.  
Павлодар қ., 1Май көшесі 29.08.2015ж., А.К.Оспанова. 2-ші сурет.



2-сурет. А - ауруға шалдықкан *Betula pendula* Roth жапырағының жалпы көрінісі; В – жақыннан көрінісі; С - жапырақтағы


*Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb. урединиоспоралары

*Melampsora magnusiana* Wagner

Жапырақтың астыңғы тақтасында сап-сары дактарды көруге болады. Парафиздерінің басы қасыққа ұқсайды. Урединиоспораларының көлемі 19,4-26,8 x 13-22 мкм, сыртқы қабаты толықтай қапталмаған. Телиоспоралары дөңгелек, көлемі 50-60 x 8,7-10,6 мкм, жапырақтың ішкі жағында шашырап орналасқан.

**Иелік өсімдігі** - *Populus alba* L., жапырағынан табылды.


**Табылған жері** – Павлодар қ., Қарағанды қ., Орталық саябак, 13.07.2015 ж., А.К. Оспанова, А. Д. Спанбаев. 3-ші сурет.



3-сурет- А - ауруға шалдықкан *Populus alba* L. жапырағының жалпы көрінісі; В – жақыннан көрінісі; С - жапырақтағы  
*Melampsora magnusiana* Wagner урединиоспоралары

Тат саңырауқұлақтарының дамуына ең үлкен әсер ететіні - ылғалдылық, яғни жауын-шашын мөлшері. Тат саңырауқұлақтарының басқа саңырауқұлақтарға қарағандағы бірден-бір ерекшелігі спораларының даму кезеңдері бір немесе бірнеше өсімдік-иесінде өтуі және даму циклі құрделі үш кезеңнен (көктемгі, жазғы және қысқы) тұрып, бес түрлі споралар (спермация, эциоспоралар, урединоспоралар, телиоспоралар, базидиоспоралар) түзуі.

Біздің зерттеулерімізде *Uredinales* қатарының 6 туысы зерттелген, осы мақалада *Melampsora* туысы жан-жақты зерттеліп, жазылған. 1-сызбанұқсада Қарағанды қаласы бойынша тат саңырауқұлағының тамыз айындағы даму деңгейі берілген.



1-сызбанұсқа- Қарағанды қаласы бойынша тат саңырауқұлағының тамыз айындағы даму деңгейі

Тат саңырауқұлактарының ішіндегі *Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb. саңырауқұлағының урединио кезеңі шілде-тамыз айларында үш қаладада көптеп кездесті. Бұл саңырауқұлактар үшін қолайлы температура 16-22<sup>0</sup>C. Аяу-райы мәліметтері бойынша үш жылда да (2013-2015) маусым-шілде айларында ауаның орташа температурасы 18,3<sup>0</sup>- 21,3<sup>0</sup>C, ал жауын-шашын мөлшері 5,9 - 21,2 мм құраған [2,3]. Демек, *Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb. саңырауқұлағы үшін температура мөлшері үш жылда қолайлы болса, жауын-шашын мөлшері 2013 жылы жеткіліксіз болған. Осыған орай *Melampsoridium betulinum* (Pers.) Kleb. туындалатын қайыңның тат ауруы 2013 жылы нашар дамып, ал 2014, 2015 жылдары қарқынды дамыған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Флора споровых растений Казахстана., Алма-ата, : 1971, Т.5-7.
2. Liesebcch Mirko, Stephan Bruno Richard. Fungi and vermin affection of aspen in plantations with brachytic whorl felling. // Mitt. Biol. Bundesanst. Land- und Forstwirt. Berlin-Dahlem. – 1995.- № 310.- С. 141-148.
3. Servant H. Poplar rust// Bull. Soc. Forest. Franche-Comte et prov. Est.-1998.-48, № 3. –С. 153-157.

#### РЖАВЧИННЫЕ ГРИБЫ ДРЕВЕСНЫХ РАСТЕНИЙ КРУПНЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ ГОРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО И СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

А.К. Оспанова, А.Д. Спанбаев, Б.Б. Габдулхаева

*В данной статье на основе всестороннего анализа видового состава возбудителей грибных болезней древесных растений из порядка Uredinales в городах Астана, Караганда, Павлодар исследованы воздействие внешних абиотических факторов.*

#### RUST FUNGI WOODY PLANTS OF LARGE INDUSTRIAL CITIES OF THE CENTRAL AND NORTHERN KAZAKHSTAN

A.K. Ospanova, A.D. Spanbayev, B.B. Gabdulkhaeyeva

*In this article, based on a comprehensive analysis of the species composition of pathogens fungal diseases of woody plants from the order Uredinales in Astana, Karaganda, Pavlodar investigated the impact of external abiotic factors.*

## **САПРОПЕЛЬДЕРДІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ПАЙДАЛАНУ**

**Аңдатпа:** Сапропельдерді ауыл шаруашылығында тыңайытқыш (мұздатқанан кейін құрамы – борпылдақ жағдайы бір мезгілде су жогалады) ретінде қолданады. Әсіресе қышқыл және женіл құмды топырақта пайдалануга тиімді, сондай – ақ, топырақтағы гумустың құрамы артуы үшін (егістік дозасы 30-40 т / га, көкөніс, картоп және тұбірлік дақылдар 60-70 т / га) шірінді қосплар болып табылады.

**Түйін сөздер:** Сапропельдер, ауыл шаруашылығы, медицина саласында, физико - химиялық сипаттамасы, сапропельдерді өндіру, топырақтың құнтарлығын арттыру.

Сапропельдер — катты, жанғыш пайдалы қазбалар. Сапропельдер — карапайым жәндіктер мен өсімдіктер қалдықтарының ауа бармайтын ашық және тұйық су алаптарында шоғырлануынан түзілген қазба көмірлер тобы.

Минералдық құрамы саз, құм және суда еріген Ca, Fe, Mg қосылыстарынан тұрады. Өзгеріске ұшырамаған сапропельдердің түсі қоңыр, қоңыр-сұр, қара; қолға майлы, сынымы жартылай бақалшақты.

Элементтік құрамы: C (52 — 60%), H (6 — 7,5%), N (3,5 — 4,8%). Басты түрлері: сазды, экті, диатомды, ірі детритті және ұсақ детритті сапропельдер. Сапропельдер құрамы, органикалық материалдың ыдырауы мен өзгеруіне қарай нағыз сапропельдер, сапропельді-гумус, және гумус-сапропельдер (касъянит-богхед, кеннель-богхед, черемхит) болып бөлінеді. Нагыз сапропельдер альгинит тобынан, кейде boghed, сапроколлит түрлерінен тұрады. Сырт бейнесі құнгірт, шала құнгірт; көмірленуі қоңыр, сұргылт қара болады [1].

Сапропельді - гумусте гелифтенген микрокомпоненттер басым, оның 25%-ы балдырлар. Түсі құнгірт қара, сұрғылт қара. Гумус - сапропельдің құрамында 25 — 50%-дай альгинит, 20% липтинит, 75%-ға жуық витринит болады.

Сапропельдердің барлық қазба түрлері ұшпа заттар мен бастапқы қара майдың жоғары шығымдылығымен, сутектік жоғары мөлшерімен, қызу бөлгіштігінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Сапропельдер әр түрлі көміржаралу дәуірлеріндегі түзілімдерде белгілі.

Сапропельдерді барлық өсімдіктер түріне қолдануға болады. Топырақтың құрамын жаксарту үшін тыңайытқыш салынады, гумустың тұрақтылығы жоғарылайды, өсімдіктің қоректену негізіндегі элементтер жестілігі жоғрылау және бау – бақша мәдениеттерінің жоғарылау мақсатында 5 жылға дейін тұрақты әсер. Сапропельдің тыңайтқыштық әсері 1-ші суретте көрсетілген.




Сурет 1 - Сапропельдің тыңайтқыштық қасиеті

Суретте көрсетілгендей сапропельдердің тыңайтқыштық қасиеттің көруге болады. Бірінші қасиетті – экологиялық таза өнім, екіншіден – әсер ету уақыты яғни қанша жыл бойы топырақта сапропель сакталатындығы, үшінші қасиетті – өнімнің жоғарылауы, яғни өсімдіктердің өсу қарқыны.

Сапропельді тыңайытқышты топырақтың құрамын мобилизациялайды, микроорганизмдерден және ауру санырау құлактардан тазалануын қамтамасыз етеді [2].

Сапропельді тыңайытқыштары B (B<sub>1</sub>, B<sub>12</sub>, B<sub>3</sub>, B, E, C, D, P, каротиноиды кепеген ферментті дәрумендер тобына бай. Трофты тыңайытқышпен салыстырғанда сапропельді тыңайтқыштың

органикалық массасы жоғары және гидролизирлеуші заттардың жоғары болуымен, сонымен қатар аминқышқылдар, көмірсүтектер, гемицеллюзоза және азотты құрауымен байланысты. Сапропель құмның өзінде құнарлы топырақты түзетінін 2-ші суретте көруге болады.



Сурет 2 - Сапропель құмның өзінде құнарлы топырақты түзеді

Суретте көрсетілгендей сапропельдерді гумустық қасиетті жоқ құмның құрамына қосатын болсақ суреттегідей нәтиже аламыз. Яғни өсімдіктердің өсу қарқыны жоғарылады. Құмның құрамын өзгертіп топырақтың құнарлығын артырады.

Осы қарқынмен егін шаруашылығы жүретін болса онда біздің егін шаруашылығымыздың өнімі жоғарылады.

Сапропель минералды және органикалық бөліктен тұрады. сапропельдердің бөліктерінің құрамына байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Топырактың минералдық бөліміне сипаттама берген кезде жер қыртысының жоғары горизонттардағы үгілу өнімдерінің жиналудымен және үгілу кезінде минералдық қосылыстардың қозғалғыш құбылысымен байланысты сұраптарға тоқталайык Аналық (материнское) жыныстар деп "үгілу қыртысы" түсінігіне кіретін геологиялық шөгінділер болып табылатынын айтып өту керек [3].

Сапропельдерді тек табиғи түрде ғана емес техникалар арқылы қайта өндеп өсімдіктердің түрлеріне қарай тыңайытқыштардың түрлерін шығаруга болады. Қазірге кезде таблеткалы түрі дамыған. Сонымен қатар көптеген түрлері кездеседі.

Себуге арналған сапропельдерді ауыл шаруашылығында өсірілетін ауқымды жерді алып жатқан егіндерде, қалаалды қөгалдандыру үшін, паркте گүл отырызу кезінде, ландшафты жерлерді қалпына келтіру үшін қолданылады. Қатты закымданған жерлерге және құрап қалған жерлерге, свалкаға, опырылған жерлерге себіледі. Эффектілін алу үшін қатты закымданған жерге сеубу керек.

Түйіршіктелген (таблеткалы) сапропельдер - өсімдіктерге көп уақытбойы әсер жасайтын тыңайытқыш, ғұлдерді және жемістерді өсіру кезінде қолданылады. оны алыс жерден тасмалданады, жемістер жылына бір неше рет өнім береді.

Сұйық және пасталы сапропельдер – Ауыл шаруашылығында пайдаланылады. Өндіру үшін жаңа технологиялар қолданылады. закымданған жерлерді қалпына келтіру үшінде қолданады. Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі.

Сапропельдердің тағы бір қасиетті ол құстарға және малдарға тамақ ретінде беруге болады оның тиімділігі ете зор. Ауыл шаруашылығында қолдануға арналған сапропельдер 3- ші суретте көрсетілген.



Сурет 3 - Сапропельдерді ауыл шаруашылығында қолданудың тиімділігі

Суретте көрсетілгендей сапропельдерді құстарды тамақтандыруға болады, себебі минералды қоспа ретінде де, жем ретінде биологиялық активти заттардан тұрады. Сапропельдер тек тұзға ғана бай емес ферменттер және құстардың организмдеріне керекті қоректі заттар, құстардың жетілуіне өз көмегін көрсетеді жоғалу тәуекелдігі азаяды [4].

Сапропельдерді құсқа жем реттінде таза күйінде де қолдануға болады. құстарды тамақтандыру кезінде құстардың организмінде кальций мөлшері жоғарылап өсуі және көбейіүне жақсы әсер етеді.

Сапропельдердің қасиеттері өте зор бір неше өндірістерде қолдануға болады. Соның ішінде тыңайтықыш қасиеттері өте жоғары. Сонымен қатар медицина саласында қолданған тиімді сапропельдерді көбіне буындары ауырғандарға, денеге тұз жиналғанда қолданады. Себебі барлық органикалық және мениралды заттар осы балшықтың арасында десек қателеспейміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асанов Ж.А. Ауыл шаруашылық негіздері (топырақтану, егін шаруашылығы, агрехимия) курсы бойынша методикалық нұсқау. – Алматы: Бастау, 2010. - С 23 – 26
2. Бигалиев А.,Жамалбеков Е.,Білдебаева Р. Қазақстан топырағы және оның экологиясы. - Алматы, Санат, 2009. С 75 – 79
3. Мозоловская Е.Г. Экология, мониторинг и рациональное природопользование. - М.: МГУЛ, 2012. С 27 - 36.
4. Конойко М. А. Особенности формирования сапропе. - Минск: Наука и техника, 2014. С. 26-35.

#### ИСПОЛЬЗОВАНИЕ САПРОПЕЛЯ В СФЕРЕ СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ И МЕДИЦИНЕ

З.М. Саржанова, Ж.О. Тлеуова, Г.А. Капбасова, С.Е. Уразбаева

*В сельском хозяйстве сапропель применяют как удобрение (после промерзания вода при этом отделяется, структура — сыпучее состояние). Особенно эффективно применение на кислых и лёгких песчаных и супесчаных почвах, а также для увеличения содержания гумуса в почвах, (доза под зерновые культуры 30-40 т/га, под овощные, картофель и кормовые корнеплоды 60-70 т/га), для приготовления компостов.*

#### USING SAPROPEL IN THE FIELD OF AGRICULTURE AND MEDICINE

Z.M.Sarzhanova, Zh.O.Tleuova, G.A.Kapbasova, S.E.Urazbaeva

*In agriculture sapropel used as a fertilizer (after freezing the water at the same time separates the structure - the loose condition). Especially effective is the use in acidic and light sandy soils, as well as to increase the humus content in the soil, (the dose under crops of 30-40 t / ha, vegetables, potatoes and root crops 60-70 t / ha), for the preparation of composts.*

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

**Аңдатпа:** Мемлекет оқу орындарын қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге тиісті, тәлім берушілерді және білім беру саласындағы жұмысышыларды жұмыс уақытында және оқу кезінде олардың өмір тіршілік қауіпсіздігін жогарылату жолдарына: өрттер, мекеменің электрлік және техникалық қауіпсіздігі, білім орталығындағы негізгі қоралдар қазіргі дәрежедегі техникалар болу тиіс. Өрт адам өлімі мен материалдық шығынга алып келеді. Сол себептен өрттен қорғану әр қогамдық мүшелерінің ең басты мақсаты және мемлекеттік ауқымды машиабта жүргізіледі.

**Түйін сөздер:** Өрт қауіпсіздігі, білім беру гимараттарындағы өрт, өртке қарсы қорғаныс, өрт болған кезде істейтін іс-шаралар.

Қазіргі заманда ғимараттарда өрт көп болады, себебі көбісі өрт болған кезде істейтін іс-шараларын біле бермейді. Өрт кезінде адамдар өлімі мен үлкен материалды шығын әкеледі. Сондықтан берілген тақырып маңызды болып отыр.

Қалалар мен ауылдық жерлерде шаруашылық салаларының қазіргі уақыттағы даму жағдайлары, ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу мәселелері өртке қарсы қызметтің практикасында тәрізді, қогамдық, өндірістік, ауылшаруашылық кешендерінде, энергетика нысандарында, көп мөлшердегі материалдық құндылықтардың үлкен концентрациясы орындарында және адамдардың көп келуінде өртке қарсы қорғанысын қамтамасыз етеді [1].

Өрт кітапханада пайда болды, келесі өрттің даму шарттарын қабылдаймыз:

- сыртқы ауа температурасы + 30°;
- әртүрлі қабаттардағы адамдар саны;
- өрт тарауының сызықтық жылдамдығы  $l = 1 \text{ м/мин}$ ;
- оқу залының гиометриялық өлшемдері  $10 \times 18,5 \text{ м}$
- өрт бөлменің ортасында пайда болды.

Объекттің жедел-тактикалық қатынаста менгеру қорытындысында келесілер анықталды, кітапханада өрт пайда болған кезде қатты түтінденуден аса қыын жағдай туындаиды және гимаратқа үлкен материалды шығын әкеледі. Өрт ауыртпалығы  $30-50 \text{ кг}/\text{м}^2$  дейін құрайды

Өрттің үлкен ауданы өрт бөлменің ортасында пайда болған жағдайда болуы мүмкін, өрт әртүрлі материалдармен максималды жылдамдықпен тараган кезде.

Өрттің еркін даму уақытын анықтаймыз (оттың пайда болу уақытынан ӨСБ-2 сөндіруге оқпандарды бергенге дейін) (формула 1).

$$t_{CB} = t_{OBH} + t_{COOB} + t_{OBR.INF.} + t_{CB} + t_{CL} + t_{BP} \quad (1)$$

Мұндағы:

- $t_{OBH}$  - өртті табу уақыты, мин.;  
 $t_{COOB}$  – өрт туралы хабарлау уақыты, мин.;  
 $t_{OBR.INF.}$  – акпаратты өңдеу уақыты, мин.;  
 $t_{CB}$  – жиналу уақыты (1 мин. деп аламыз);  
 $t_{BP}$  – жауынгерлік қанат жаю уақыты, мин.  
(ӨСД нормативтері бойынша).

$$t_{CB} = 3 + 1 + 0,5 + 1 + 3,75 + 5 = 14,25 \text{ мин.}$$

Өрт сөндіру құралдарын беру бойынша шекті арақашықты анықтау (формула 2) [2]:

$$L_{PR} = [H_H - (H_P \pm Z_M \pm Z_{CT}) / SQ^2] * 20 \quad (2)$$

Мұндағы:  $H_H$  – сорғыштағы қысым, м.;

$H_p$  – таратқыштағы қысым, м., ( $H_p = H_{pp} + 10$ );

$Z_m$  – шекті арақашықтықтағы жергілікті жердің аса жоғары көтерілу (+) немесе түсү (-), м.;

$Z_{ct}$  – таратқышты орнату орынынан немисе өрттегі жергілікті жердің аса жоғары оқпандардың көтерілуі немесе түсүі, м.;

$S$  – бір өрт женінің кедергі келтіруі;

$Q$  – бір аса жүктелген магистралдың жең сыйығының суммарлы су шығыны, л/с.;

$SQ^2$  – бір магистралды жең сыйығындағы қысымның жоғалуы, м.

$$L_{pp} = [90 - (50 + 0 + 4)/0,015 * 10,5^2] * 20 = 436 \text{ м.}$$

АЦ-да ӨСБ-2 қарауылы екі бөлімшеге құрамында бере алатын өрт сөндіру құралдарын анықтаймыз. ӨСБ-2 қарауылы түтінденген бөлмеге бір оқпаннан бере алатын екі ГТКҚ буыны ғана бар, сонда (формула 3):

$$Q_\phi = N_{omd} * n_{omd.cm} * q_{cm} = 2 * 2 * 3,5 = 14 \text{ л/с,} \quad (3)$$

мұндағы:

$N_{omd}$  – өрт орынына келген АЦ-дағы бөлімшеге саны;

$q_{cm}$  – оқпандагы су шығыны, л/с;

$n_{omd.cm}$  – өрт сөндіруге бір бөлімшеге бере алатын оқпандар саны (немесе қорғауға);

$$Q_\phi = 14 \text{ л/с} \quad Q_{np} = 31,5 \text{ л/с}$$

Сәйкесінше, өртке бірінші келген бөлім өрт сөндіруге қажетті оқпандар санымен қамтамасыз етеп алмайды.

Бірінші келген бөлімнің күш пен құралдарды кіргізу сәтінде өрттегі жағдай және бірінші ӨСБ қабылданған шешімдер.

Барлау барысында анықталды:

- жаңын жатқан бөлмегде адамдар жоқ, бірақ басқа қабаттарда адамдар бар, қауіпті факторлар олардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін;
- кітапханадагы өрт ауданы  $185 \text{ м}^2$  құрады;
- өрттің тарау жылдамдығы 1 м/мин.

Бірінші өрт бөлімі келгенге дейін шешуші бағыт күш пен құралдары құтқару жұмыстарын қамтамасыз етту үшін жұмысалады.

Өрттегі жағдайды және ӨСЖ жеке құрамының тактикалық мүмкіндіктерін есекре отырып адамдарды құтқару бойынша шараларды жүргізу үшін үш барлау тобы үйімдестерінде өткізу үшін үшінші шаралардың құралдарын қабылданған номерін хабарлайды [3].

Шақыру бойынша шығу кестесіне сәйкес өрт орынына келесі техникалар келеді (кесте 1).

Кесте 1. - Шақыру бойынша шығу кестесіне сәйкес өрт орынына келетін техникалар

Өрт сөндіру бөлімдері	2 ӨСБ	№ 1 МӨСБ	ҚР ПМ ТЖК КТИ
Техникалар	АЦ-40-8-7 (43118)	АЦ-5-40 (43114)	АЦ-5-40 (4320)
	АЦ-3,2-40 (433112) 8ВР	АЛ-30-131(531300)	
		АСА-20-43(114)	
Ескерту - []			

Жеке құрам 29,3 л/с шығынымен су беруді қамтамасыз етеді, яғни сөндіруге ГТКҚ буындарымен РСК-50 6 оқпаның және қорғауға көрші бөлмелерге РСК-50 3 оқпаның береді. Сәйкесінше ага ӨСБ КҚЖБО-қа күш пен құралдардың жеткілікті екендігі туралы хабарлайды.

Өртке ага жедел кезекшінің келуімен оған ӨСБ өртте қалыптасқан жағдайды, қабылданған шешімдерді баяндайды. Ага жедел бастығы өзі барлау әдісімен жағдайды анықтайды және ӨСБ әрекетін бағалайды.

Барлау барысында ага жедел бастық анықтайды:

- адамдарға қауіптің төнүін;
- олардың орналасу орынын, құтқару жолдары мен әдістерін;
- өрт орыны мен өшлиемін, оттың тарау жсодарын;
- мүмкін күш пен құралдарды енгізу жсолдары мен бағыттарды;
- гимаратта кернеудің шешілуі жүргізілгенін;
- конструкцияны бұзы және ашу қажеттігін және орынын;
- шешуші бағыттың дұрыс таңдалғанын;
- көшіру жсолдарын қорғау қажеттігін және жсану өнімдерін шыгару мүмкіндігін;
- қымбат қондырығыны қорғауды немесе көшіруді ұйымдастыру [4].

Аға жедел бастық өрт сөндіру басшылығын өзіне алып өртте қалыптасқан жағдайды және №2 жогарылатылған шақыруды КҚЖБО -қа ақпаратты хабарлайды.

Өрт сөндіруді басқару және ұйымдастыру үшін ӨСБ өрт сөндіру жедел штабын құрамында құрайды:

- штаб бастығы;
- тыл бастығы;
- обьект әкімшілігінің өкілдері;
- қаланың өзара қызмет өкілдері.

Штаб бастығы болып ӨБ бастығының орынбасары тағайындалады. ӨСБ жедел штаб құрамына тапсырмалар қояды. Бөлімдерді жақсы басқару үшін штаб орыны негізгі кіруден 15-20 м қашықтықта болады.

Өртті сөндіру әртүрлі бағытта жүргізілетін болғандықтан ӨСБ алты жауынгерлік аймақ құруы туралы шешім қабылдайды.

Жоғары қысыммен жұмыс істейтін қондырығылар (ыдыстар) бар ұйымдарда немесе гимараттарда өртті жою кәсіпорын әкімшілігінен қондырығылардың (ыдыстардың) түрі туралы, олардың ішіндегі зат туралы ақпарат алғаннан кейін жүргізіледі.

Өрт сөндіру барысында:

- қондырығылардың (ыдыстардың) қабыргаларын күрт салқыннату мүмкіндігіне жол бермей, қауіпті шекке дейін қызуын болдырмау шараларын қабылдау;
- ұйым әкімшілігінен мүмкіндігінше қондырығылардағы (ыдыстардағы) қысымды қауіпсіз шекке дейін төмендету шараларын қабылдауды талап етуі қажет.

### ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аксютин, В.П. Пожарная безопасность пассажирских. - М.: Трансинфо, 2009. - 224 с.
2. Бадагуев, Б.Т. Пожарная безопасность на предприятии: Приказы, акты, инструкции, журналы, положения. - М.: Альфа-Пресс, 2013. - 488 с.
3. Михайлов, Ю.М. Пожарная безопасность в офисе - М.: Альфа-Пресс, 2013. - 120 с.
4. Михайлов, Ю.М. Пожарная безопасность учреждений социального обслуживания. - М.: Альфа-Пресс, 2013. - 120 с.

## МЕРОПРИЯТИЯ ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

**3.М. Саржанова, М.А Аятхан, Н.Г. Темирбекова,М.К. Кариполлаев**

*Государство должно обеспечивать безопасность обучающихся, воспитанников и работников образовательных учреждений во время их трудовой и учебной деятельности путем повышения безопасности их жизнедеятельности: пожарной, электрической и технической безопасности зданий, сооружений образовательных учреждений на основе использования современных достижений науки и техники в этой области и привлечения отечественной производственной базы. Пожары наносят громадный материальный ущерб и в ряде случаев сопровождаются гибелью людей. Поэтому защита от пожаров является важнейшей обязанностью каждого члена общества и проводится в общегосударственном масштабе.*

**EVENT FIRE SAFETY IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS**  
**ZM Sarzhanova, MA Ayathan, NG Temirbekova, MK. Karipollaev**

*The government should ensure the safety of students and employees of educational institutions during their employment and educational activities by enhancing the security of their life: fire, electrical and technical safety of buildings, construction of educational institutions on the basis of use of modern achievements of science and technology in this area and attract domestic manufacturing base. Fires cause enormous material damage and, in some cases accompanied by loss of life. Therefore, the protection from fire is an essential responsibility of every member of society and is held on a national scale.*

УДК: 664.769

**Б.К. Асенова, М.К.Сыдыкова**

Шекерим атындағы Семей мемлекеттік университеті

**ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫНЫң ТӨМЕНДЕУІНЕН ЖҮҚПАЛЫ  
АУРУЛАРДЫң ТАРАЛУЫНЫң МОНИТОРИНГІ**

**Аннотация:** Бұл мақалада тағам өнімдерінің сапасының төмендеуінен жүқпалы аурулардың таралуының мониторингі қарастырылған. Сонымен қатар, осы мониторинг негізінде нақты проблемалар айқындалып, оларды шешу жолдары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** тағам қауіпсіздігі, тағам өнімдері, бақылау, мониторинг, тағам өнімдерінің сапасы.

Тағам өнімдерінің сапасының төмендеуінен жүқпалы аурулардың жіктелуі соңғы 10 жылда біраз өзгерістерге ұшырады.

Егер Будогян Ф.Е. бойынша этиологиялық ерекшеліктері (Карплюк И.А. басшылығымен) бойынша тағам өнімдерінің сапасының төмендеуінен жүқпалы ауруларды 5 топқа жіктеген, ал соңғы сыйыптауға сәйкес (улану табигаты микробтық, микробтық емес улану және этиологиясы белгісіз уланулар) 3 топқа бөлінеді.

Ол, әдетте, мынадай редакцияда қабылданды: Тағам өнімдерінің сапасының төмендеуінен улану – ол күрт (кейде созылмалы) контагиоздық емес аурулар, олар белгілі бір микроорганизмдер түрлерімен жаппай ластануының немесе ағзаға токсикологиялық әсер ететін микробтық немесе микробты емес этиологиясы бар заттардың көрі әсерінің нәтижесінде пайдада болады[1; 101-103 б.].

Тағамдардың басымдық позициясындағы контаминаціттары ретінде микроорганизмдер, радионуклидтер, кейбір гормондар, пестицидтердің қалдықтары, диоксиндер және т.б. қарастырылады. Поздняковскийдің мәліметтеріне сүйенсек, адам денсаулығы үшін кейбір токсиканттардың тәуекелділік рейтингінде басты орынды бактериалдық токсиндер, екінші орынды – фикотоксиндер, үшінші орынды - фитотоксиндер, төртіншіні - микотоксиндер, содан кейін пестицидтер мен тағам қоспаларына берілген [2; 456 б.].

Дүние жүзінде тағам өнімдерінің сапасының төмендеуінен туындастын аурулардың қатарынан басты орынды микробтық этиологиясы бар ауруларға беріледі, себебі олар жалпы санының 90-95% құрайды [3; 37-43 б.,4; 25-30 б.].

Инфекциялардың берілу тетіктерінің кең тізімінде басым рөлді адам ағзасына ластанған тағам өнімдері мен су арқылы енетін қоздырғыштарға беріледі. Бұл – тағамдық немесе басқаша айтқанда, алиментарлық берілу жолы [5; 134 б.,6; 38-44 б.].

Тағам өнімдерімен қоздырғыштардың айтарлықтай барлық сыйыптары мен топтары беріледі, оның ішінде вирустардан бастап гельминттарға дейін болады.

Тағам өнімдерімен таралатын және онымен байланысты жүқпалы аурулардың екі тобын қарастырады.

Бірінші – микробтар бөлестін токсикологиялық заттардың салдарынан уланған тағам өнімдерін пайдаланудан туындаған микробтық табигаты бар тағамдық уыттанулар, (стафилококктық тағамдық уланулар, ботулизм және т.б.). Аталмыш уыттанулар қысқа инкубациялық мерзіммен, улану тізбегінің болмауымен сипатталады. Осы қоздырғыштар адам ағзасынан тыс белсенді дамиды және жоғары қарқынмен көбейеді.

Екінші топ – ұзак инкубациялық мерзіммен сипатталатын тағам арқылы тарайтын инфекциялық аурулар болып табылады.

Осы орайда Л.И. Каламкарова жинаған мәліметтері қызығушылық туындалады. Ол мәліметтерде Қазақстан Республикасында шартты патогендік микробтар негізінде туындаған тағамдық уланудың үлес салмағының динамикасы қалыпты түрде өсіп барады: егер 70-ші жылдары ол 5-8% құраса, 80-ші жылдары 14-22% болған, ал 90-шы жылдары 40-тан 60% дейін өскен [7; .33-37 б.].

Ресейде, С.А. Шавелеваның мәліметтері бойынша тағам өнімдерінен жаппай уланудан және микробтық табиғаты бар жіті ішек жұқпаларынан ресми түрде тіркелгендердің саны 11 500-ден 14 000 дейін өскен, оның ішінде микробтық және микробтық емес аурулардың қатынасы 82:18 құраган [8;571-573 б.].

Тағам өнімдерінен жаппай улану мен микробтық табиғаты бар жіті ішек жұқпаларының этиологиялық құрылышы мемлекеттер бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, Ұлыбританияда бактериалық диареялық аурулардың туындауында басты этиологиялық маңызға кампилобактериоз ие, Еуропаның басым мемлекеттерінде — сальмонеллездар, Жапонияда парагемолитикалық вибрионмен туындастырылған аурулар ие. Ресейде соңғы 10 жылда ресми түрде тіркелген жіті ішек жұқпаларының 5 млн. астам (55,6%) жағдайларының этиологиясы анықталмаған. Этиологиялық түрғыдан анықталғандардың ішінен басты орын шигеллездарға бұйырган.

Тағамдық уланулар — полиитиологиялық аурулар. Көптеген жағдайларда олар патогендік энтеробактериялармен туындастырылады. Алайда, *Salmonella* текті бактериясы тағамдық уланулардың сыйыптамасына енбеген, бірақ олар белгілі бір жағдайларда тағам өнімдерінде молынан көбеюге қабілеті бар және олар туындастасын улану тағамдық токсикоинфекция тәріздес сипатталады. *Shigella* бактерия тегімен туындастырылған аурулар типтік инфекциялық аурулар қатарына жатады. Дегенмен, *Shigella sonnei* туындақтан ішек жұқпаларының 90% осы микроорганизмдер сүт өнімдерінің ластануымен байланысты болып отыр. Соңдықтан да, біздің оймызыша *Salmonella* және *Shigella sonnei* текті бактериялары ішек жұқпалары мен токсикоинфекцияларды туындастасын қайнаркөздер ретінде қарастырылуы керек және тағам өнімдерінің сапасын бақылауда осы бактерияларды міндепті түрде жіті бақылау қажет.

Қазақстанда жүргізілген алдыңғы зерттеу көрсеткендегі бактериалық табиғаты бар тағамдық уланулар ботулизмің кешенді токсинімен уланған тағам өнімдерінен туындауды және осы бактерия саңырау құлактарда, баклажанда және колдан жасалған консервілерде көптеп, ал балық және ет өнімерінде сирек кездеседі.

Екінші орында стафилококк салдарынан туындастырылған уланулар жатады (жіңіл протеймен, энтеробактермен, құрамында көк ірің таяқшаларымен және т.б. қосарлана жүреді), үшінші орында — анықталмаған этиология.

Осылай бола тұра, тағам өнімдерінен алынған шартты-патогендік энтеробактериялардың түрдік құрамы сан алуан болып келеді. Үлес салмағының басым көпшілігіn *Proteus*, *Enterobacter*, *Klebsiella*, *Citrobacter* түрлеріне жататын бактериялар құраган. *Hafnia*, *Serratia*, *Yersinia*, *Edwardsiella* және т.б. бактериялар сирек кездеседі. Тағамдық уланулардың туындауында белгілі бір рөлді *Pseudomonas aureoginosa* алып жатыр.

Осындай аурулардың туындауында маңызды орынды тағамдық өнімдер алып жатыр, себебі осы өнімдер көптеген бактериялардың туындаған, көбеюіне ыңғайлы орта болып келеді.

Микроорганизмдердің кейбіреулері — *Shigella* (шиготоксин) әртүрлі штаммдары, *Listeria monocytogenes* (листериолизин), *E.coli* энтерогеморрагиялық штаммдары, атап айтқанда, 0157:H7 (шигеллодобтық токсин), *Vibrio parahemoliticus* (гемолизин), *Yersinia enterocolitica* (энтеротоксин), *Campylobacter jejuni* (энтеротоксин), *Aeromonas hydrophila* (мультифункционалдық токсин) и *Plesiomonas shigelloides* (энтеротоксин) — тағамдық жолмен берілетін инфекциялардың туындашылары болып келеді, сонымен қатар олар жіті ішек ауруы мен тағамдық улануларды туындастырылады. Өкінішке орай, аталағы өткен бактериялардың басым көпшілігі тағамдардың микробиологиялық қауіпсіздігін анықтау бойынша тестердің міндепті тізіміне енбеген. Соңдықтан да негізгі қосылыс ретінде аталаған бактерияларды тағамдардың микробиологиялық қауіпсіздігін анықтау бойынша тестердің міндепті тізіміне енгізуі ұсынамын.

Егер Еуропада микробтық этиологиясы бар тағамдық уланулар сальмонеллезен байланысты болса, Ұлыбританияда — кампилобактериоз болса, онда Қазақстанда Бердышев М.В. пен Апсеметованың М.А. мәліметтері бойынша бактериалдық табиғаты бар тағамдық уланулардың басым көпшілігі ботулинистік токсиндермен байланысты, олардың үлесі кейбір жылдары 50%-ден 75% құраган [9, 28-29 б.]. Көбінесе уланудың себебі ретінде түрмистық жағдайда консервіленген

көкөністер мен саңырау құлактар (44% және 33%) болып келген. Консервіленген баклажан мен саңырау құлактарда В типіндегі ботулинистикалық токсин (60,0%), ал көкөністік консервілерде, түрмистық жағдайда қақталған балықта және ет өнімдерінде А және Е типіндегі ботулинистикалық токсин (22,0%) табылған. Өзге типтерге қарағанда (C, BC, AC) типтері сирек кездеседі.

Қазақстанның аумағында жүргілген эпидемиологиялық сараптаманың нәтижесі бойынша бактериологиялық көрсеткіштер біртекті емес. Атап айтқанда соңғы 10 жылда тағамдық уланудан ең көп тіркелген облыстардың қатарына Батыс Қазақстан облысы (17 жағдай немесе 19,3%), Шығыс Қазақстан облысы (14 жағдай немесе 15,9%), Алматы қаласы (13 жағдай) және Астана қаласы (8 жағдай) жатады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Каламкарова Л.И., Азнатова Г.К., Рахимжанова М.Т., Омарова Д.Т. О проблеме пищевых отравлений микробной этиологии в Республике Казахстан //Здоровье и болезнь. - Алматы, 2009. -№ 2 (78). - С. 101-103.
2. Поздняковский В.М. Гигиенические основы питания, качество и безопасность пищевых продуктов: учебник. - Город: Сибирское университетское издательство, 2007. - 456 с.
3. Каламкарова Л.И., Багрянцева О.В., Мамонова Л.П. и др. Научные основы безопасности продовольственного сырья и продуктов питания /Здоровье и болезнь. - 2001. - № 2. - С.37-43.
4. Каламкарова Л.И., Мамонова Л.П., Багрянцева О.В., Байсеркин Б.С. Нажметдинова А.Ш., Куандыкова А., Хаджибаева И.Ф. Основные направления национальной политики в области обеспечения безопасности пищевой продукции //Здоровье и болезнь. - Алматы, 2004. - № 5 (35). - С.25-30.
5. Апсеметова М.А., Лян Л.Б., Габдильашимова З.Т. Заболевания пищевого происхождения в Казахстане. - Алматы, 2005. - 134 с.
6. Шавелева С.А., Ефимонкина П.Р., Иванов А.А. Пищевые отравления и инфекции в РФ: состояние проблемы и тенденции//Гигиена и санитария. - 2003. — № 3. - С. 38-44.
7. Каламкарова Л.П., Багрянцева О.В., Мамонова Л.П. Проблемы качества и безопасности продуктов питания в Республике Казахстан и пути их решения II Здоровье и болезнь. - 2007. - № 4(60). - С.33-37.
8. Шавелева С.А. Принципы гигиенической оценки безопасности пищевых продуктов с позиций анализа микробиологического риска // Здоровье и болезнь. - 2007. - № 4(60). - С. 571—573.
9. Бердычева М.В., Апсеметова М.А. Санитарно-эпидемиологическая характеристика пищевых отравлений // Окружающая среда и здоровье населения. - 2006. -№ 3(42). - С.28-29.

#### МОНИТОРИНГ РАСПРОСТРАНЕННОСТИ ПИЩЕВЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ СВЯЗАННЫХ С УХУДШЕНИЕМ КАЧЕСТВА ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ Б.К.Асенова, М.К.Сыдыкова

*Статья посвящена мониторингу распространенности пищевых заболеваний связанных с ухудшением качества пищевых продуктов, в том числе рассмотрению эпидемиологического анализа бактериологических показателей в различных областях Казахстана, а также последующих выводов и предложений по улучшению и совершенствованию мер по организации контроля в сфере пищевой безопасности.*

#### MONITORING THE INCIDENCE OF FOODBORNE DISEASE ASSOCIATED WITH DETERIORATION OF THE QUALITY OF FOOD B.K.Assenova, M.K. Sydykova

*The article is devoted to the monitoring the prevalence of food-borne illnesses associated with the deterioration of the quality of the food Product Sheet, including rassmotrenipyu Epidemiological analysis of bacteriological indicators in various regions of Kazakhstan, as well as the subsequent conclusions and proposals for the improvement and perfection of the organization on the control measures in the field of food safety.*

## КӨКШЕТАУ ФЛОРИСТИКАЛЫҚ АУДАНЫНДАҒЫ ЖУСАНДАР ЖАПЫРАҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация:** Мақалада Көкшетау флористикалық ауданы аумағындағы *Artemisia* туысы түрлері жапырақтарының морфологиялық ерекшеліктерін зерттеудегі нәтижелер көлтіріледі. Зерттелінген жусандар тобының негізгі морфологиялық белгілерін шолуда тіршілік формасы, себетгүл пішіндері, жапырақ құрылышы сияқтылары аса маңызды ерекшеліктері екенін көрсетеді. Жапырақ тақтасының құрылышы және оның тармақталу деңгейі *Artemisia* туыс тармағының әртурлі түрлері үшін кілтті белгі ретінде болуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** Орталық-Қазақстан ұсақшоқысы (ОҚҰ), мемлекеттік ұлттық табиға парк, Көкшетау флористикалық ауданы, *Artemisia* туысы, жапырақтың морфологиялық ерекшеліктері.

Аудандардың флористикалық арақатынасында аса қызықты болыпты табылатын, Орталық-Қазақстан ұсақшоқысы (ОҚҰ), Қазақстанның далалы зонасында орналасқан. Бұл аласа таулық ел, бірден-бір тау пайда болуға ие. Флористикалық зерттеу 129935 га аумақты құрайтын, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) аумағымен шектелді. Барлық жағы ірі көлдермен шектелген, бұнда доға түрінде Көкшетау таулы жотасы тұр.

Зерттелуші ауданының ауа-райы ыстық жазымен және азқарлы қатты қысымен, орман алқаптары және су қоймасы, төбе-тау әсерінен жұмсаратын, күрт құбылмалы.

Өсімдік және климат айырмашылығымен, көп түрлі топырақ түзуші түрі, қатты тілімденген жер бедерімен байланыса, топырақтар және топырактар жамылғысының аса әртекті екенін сипаттайды. Шоқылы-жазықты белдікте (280-400 м. биіктікте) кәдімгі орташа қарашірікті және онтүстік аз қарашірікті қара топырақтар деп беледі. Таулы-орманды белдікте (400-700 м.) топырактың келесі негізгі түрлері: қарагайлы орманды қарапайым петроморфты, қарагайлы орманды петроморфты, қарагайлы орманды шымды петроморфты, әлсіз және кәдімгі қара топырақтар, орманды сұр, шалғынды-орманды, шалғынды-қаратопырақты, алқапты шалғынды, шымтезекті-батпақты болып қалыптасады. Далалы бөліктері сұр орманды топырақтарда және сортанда қайын шоқ ормандарымен кешен құрады [1].

Зерттеу 2010-2016 жж. маршруттық әдіспен жүргізілді. Зерттеу барысында 10 орманшаруашылығы: Ақылбай, Бурабай, Қатаркөл, Золотобор, Мирный, Бармашин, Приозерный, Бұланды, Темнобор және Жалайыр аумақтары қамтылды. Флористикалық тізім жасалынды. Кеппешөп жинақтары А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің биология және химия кафедрасында сакталынуда.

Флористикалық қадамдар және әдебиеттердің сынаамалық талдауы, кеппешөп материалдарын өңдеу, жеке деректердің көрсетуінше, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында *Artemisia* туысы түрлерінің 20 түрі өсетіні белгілі болды.

Поляковпен *Artemisia* туысы 3 туыс тармағы және 7 секция құрамында қарастырылады. Жусандардың еуроазиаттық түрлерін отандық және көбіне шет елдік авторлардың арасында, өз кезегінде 3 туыс тармаққа *Artemisia*, *Dracunculus* және *Seriphidium* бөліп, жалпы *Artemisia* туысы деп қарастыру қабылданды [2].


Жусандардың тұқым эпидермиялары және қыска бұтақтары, жапырақтарының анатомиялық белгілері басқа түрлер және түр тармақтарының, *Artemisia* туыс тармағында ішінара секция және секция тармағының бөлініп шығуы үшін қосымша белгілер болып табылады [3].

Өсімдікті дұрыс сәйкестендіру үшін қажет, маңызды систематикалық белгілер – гүлдері, себетгүлдері, жапырақтары, сабагы құрылымының морфологиялық ерекшеліктері болып табылады. Жалпы морфологиялық белгілер негізіндегі сәйкестендірудің қынышылығы және жусандардың систематикасы ең алдымен олардың ішкітүрлі полиморфизмінде, түрлердің кең ауқымда таралуы шегінде танғалдырылада, әсіресе әртурлі популяцияның өсімдіктерін салыстыруымен қорытындыланады. Дәстүрлі түрде туыстың систематикасында қолданылатын: жалпы мөлшері, сабагы және жапырақтарының салбырауы, гүлшоғырының пішіні, себетгүлінің саны және мөлшері, себетгүліндегі гүлдерінің саны, өзгергіштік, морфологиялық белгілерді қамтиды [4].

Көптеген морфологиялық белгілердің заңдылыққа сай экологиялық және географиялық өзгергіштігінен басқа, кейбір жусанның түрлері алуантүрлі белгісіз өзгергіштікте ие, көбіне жапырақтардың тармақталуы деңгейі байқалатын, барлық мүшелерінің салбырауының жиілігі, бұл өзгергіштік таксономиялық мәнге ие емес, өсімдікті дұрыс анықтауда аса жиі қындық тудырмайды. Жусан систематикасы және салыстыруы үшін морфологиялық белгілердің әртүрлі экологиялық факторлардан тәуелсіз болу қын. Тек қосжыныстың және себеттүліндегі аналық ғулдің байланысы туыс тармағын болу үшін нақты белгі болып табылады [5].

Осыған орай, біздің систематикалық өндөдеуде қолданылғандарына, маңызды морфологиялық белгілеріне қысқаша талдау жүргізілді.

**Artemisia Linn. туыс тармағы.** *Artemisia* секциясынан *A.vulgaris*-тың *A. leucophylla* ажыратылу сипаты жапырақ тақтасының түсі сипаты болып табылады. *A. leucophylla* үшін жапырағының үстіңгі жағы жасыл-сұр, өрмекшелі-талшықты, ал *A.vulgaris* жапырағы жасыл, жалаңаш. *A.laciniata* барлық жапырақтары жұмыртқа тәрізді, екі рет қауырсынды тармақталған (сурет 1).



**Abrotanum** секциясы түрлеріне аса морфологиялық алуантүрлілік тән. 2 суретте көрсетілгендей *A. latifolia* және *A. armeniaca* аса шеткі бөліктеріндегі, екі рет қауырсынды тармақталған жапырақты.



**Abrotanum** секция тармағы түрлері *A. abrotanum*, *A. gmelini* жартылай бұталылар және (*A. pontica*, *A. macrantha*) бұрылған-тамырсабақты көпжылдықтар (сурет 3). Тек оның жапырақтарының шеткі бөліктері жіпше-сызықты болуымен *A. abrotanum* ажыратылады. *A. gmelini* ланцетті немесе ланцетті-сызықты, жапырақтары үш қауырсынды тармақты, шеттері түйістірілген. *A. macrantha* *A. pontica*-дан аса үлкен себеттерімен ерекшеленеді.



*Artemisia* туыс тармағында *Absinthium* секциясының негізгі белгісі гүлшоғыры тұғыры тұсуінің болуы. Бұл белгіні кілт ретінде қолдану, көбіне шатастыруға алып келеді. Қытайлық жусан зерттеуші Линяның туыс систематикасында *Absinthium* секциясына күмәнсіз жататын түрлерін, гүлшоғыры жалаңаш болғандықтан, *Abrotanum* секциясына ауыстырыды. *Absinthium* секция түрлері себеттүліндегі және жапырағындағы, сабагындағы қалың жібектей немесе киізді ақ тұсуімен ажыратылады. *A. frigida*, *A. rutifolia*, *A. sericea*, *A. absinthium*, *A. sieversiana* гүл табанындағы ілмешекті түтікшелері қатты көрінеді. *A. austriaca* гүл табанының тұсуі әлсіз немесе болмайды (сурет 4).



Ж

Сурет 4 - Төменгі жапырақтары  
Ж. *A. absinthium*

*Frigidae* секция тармағы түрлері тіршілік формасы, жапырақ тақтасының мөлшері және тармақталуы сипаты бойынша ажыратылады. 5 суретте көлтірілгенде *A. sericea* жапырағы қатпарлы болса, бүрменің болуы бойынша *A. frigida*, *A. austriaca* бөлектенүі мүмкін.

Ұзын сыйықты-ланцетті шеткі жиектерімен, аса ірі екі қауырсынды тармақталған жапырақты, *A. sericea* өсімдіктің үлкен биіктігімен ерекшеленеді.

*A. austriaca* *A. frigida*-дан ұрпақсыз көпжылдық өркеннен нағыз шым түзбейтін, оның жапырақ тақталары екі рет қауырсынды тармақталғандығымен ажыратылады.



3

И

Сурет 5 - Төменгі жапырақтардың фрагменттері  
3. *A. sericea*; И. *A. austriaca*

*Absinthium* секция тармағынан көп жылдық *A. absinthium* шығарылып тасталуынан, монокарптер көлтірілген. *A. sieversiana*-да жапырақ тақтасы кең-ұшбұрышты, екі рет немесе үш рет қауырсынды тармақталған, шеткі бөліктері ұзынша сопақша, жазық (сурет 6).



К

Сурет 6 - Төменгі жапырақтары  
К. *A. sieversiana*

*Dracunculus* туыс тармағы түрлерінің ішінде тұтас жапырақтарымен анық көрініп ажыратылатын *Dracunculus* секциясына жататын *A. dracunculus* (сурет 7).



Л

Сурет 7 - Төменгі жапырақтары  
Л. *A. dracunculus*

*Campestres* секциясындағы - *A. marschalliana* сүректі көп жылдық өркенді болып келетін жартылай бұташық ретінде жақсы ажыратылады. Бұл секциядағы қалған түрлер *A. commutata* кей кезде олардың морфологиялық белгілерінің аса өзгергіштік күшімен өзара өте қын ажыратылады. Әдебиет көздеріндегі талдау (Ledebour, 1845-1846; Крашенинников, 1946 б; Поляков, 1961; Красноборов, 1997) көрсеткендей, қазіргі уақытта бұл түрлерді ажырату үшін нақты морфологиялық белгілер жоқтын қасы. 8 суретте көлтірлгендей төменгі жапырақтарының тақтасы сопақша, ұзын сағақшалы, ұшбұрышты немесе таға тәрізді пішінді, аса қатты тармақталған. *Campestres* секциясындағы түрлерді дұрыс сәйкестендіру үшін белгілерді кешенді бағалауды колдану қажет.



Сурет 8 - Төменгі жапырақтары  
М. *A. commutata*; Н. *A. marschalliana*;

*Seriphidium* туыс тармағының түрлері үшін аса маңызды морфологиялық белгілеріне кешенді сипаттау береміз. *A. nitrosa* - тамыр сабағы жайылмалы, салыстыра қараганда жұқа, дамушы азгана қысқарған вегетативті бір жылдық өркендері және тік тұратын жемісті сабактары; төменгі сабакты жапырақтары екі рет қауырсынды тармақталған; кәрзенкелері аса кең немесе тар шашақгүлде орналасқан. Трапеция тәрізді және қанатшалы, сопақшалы элипс тәрізді, аса қатты тармақталған (сурет 9).



О

Сурет 9 - Төменгі жапырақтары  
О. *A. nitrosa*

Зерттелінген жусандар тобының негізгі морфологиялық белгілерін шолуда тіршілік формасы, себеттүл пішіндері, жапырақ құрылышы сияқтылары аса маңызды ерекшеліктері екенін көрсетеді. Жапырақ тақтасының құрылышы және өлшемі, оның тармақталу деңгейі *Artemisia* туыс тармағының әртүрлі түрлері үшін кілтті белгі ретінде болуы мүмкін, алайда еш күмәнсіз басқа белгілерінде (тіршілік формасы, гүлдеу формасы және себеттүл құрылымы, салбырау деңгейі) есептеуге болады. *Seriphidium* және *Dracunculus* туыс тармақтарының өкілдеріне қатысты айтатын болсақ, оларды нақты сәйкестендіру үшін барлық диагностикалық белгілер жиынтығын қолдану қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карамышева З. В., Рачковская Е. И. Ботаническая география степной части Центрального Казахстана. – Л.: Наука, 1973. – 279 с.
2. Красноборов И. М. *Artemisia* L. – Полынь // Флора Сибирии. Новосибирск: Наука, 1997. Т. 13. – С. 90-141.
3. Амельченко В. П. Биосистематика полыней Сибири // КРЭОО «Ирбис» 2006. – 184 с.
4. Амельченко В. П. Анатомо-морфологические особенности семянок полыней подрода *Artemisia* Less. В связи с их систематикой // Сист. зам. по материалам герб. им. П. Н. Крылова, 1958. Т. 87. – С. 12-14.
5. Крашенинников И. М., Тюлина Л. Н. К систематике, экологии и ценологии некоторых видов *Artemisia* флоры Алтая // Бот. журн., 1949. Т. 34, № 4. – С. 341-350.

### МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИСТЬЕВ ПОЛЫНЕЙ КОКШЕТАУСКОГО ФЛОРИСТИЧЕСКОГО РАЙОНА

Г.Ж. Султангазина, Б.Ж. Нұрбекова, Г.А. Абileva

*В статье приведены результаты изучения морфологических особенностей листьев видов рода Artemisia на территории Кокшетауского флористического района. При рассмотрении основных морфологических признаков исследованной группы полыней наряду с жизненными формами и формами соцветий особое место занимают особенности строения листа. Строение и размер листовой пластинки, степень рассечённости для различных видов подрода Artemisia могут являться ключевым признаком.*

### MORPHOLOGICAL FEATURES OF WORMWOODS LEAVES OF KOKSHETAU FLORISTIC REGION

G.J. Sultangazina, B.Zh. Nurbekova, G.A. Abileva

*The article presents the studying results of the morphological features of leaves of the Artemisia genus's species in the territory of Kokshetau floristic region. At the considering the main morphological features of studied wormwood groups along with life forms and inflorescences forms special place is occupied by the structural features of the leaf. The structure and size of the leaf blade, the degree of disjunction for different species of the subgenus Artemisia can be a key feature.*

ӘОЖ 57.084.1

Қ.Б.Шоинбаева, Т. Өмірзак, А.Оспанова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

### БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ АТАЛЫҚ АРА ҰРЫҚТАРЫНАН АЛЫНГАН ПРЕПАРАТТЫҢ ЖЕДЕЛ ҮЙТТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

*Атальгада атальқ ара ұрықтарынан дайындалған биологиялық белсенді жаңа препараттың үйттылық әсерін зерттеу бойынша нәтижелері берілген. Жүргізілген зерттеу тәжірибелері нәтижесінде препаратты пероральды жолмен ендіру барысында, жедел үйттылық әсері анықталды. Сонымен қатар олардың 14 күн ішіндегі бақылаумен салыстыргандагы тәжірибеге дейінгі және кейінгі салмағының динамикасы анықталды. Үйттылық дәресі бойынша берілген препарат қауіптілігі аз IU топқа жатқызылды. Алынған нәтижелер ары қарайғы биотехнологиялық, фармакологиялық скринингтік зерттеу жұмыстарын жүргізуіді жалғастыруға болатындығын көрсетті.*

**Түйін сөздер:** аталық ара, ұрық, уыттылық, жедел уыттылық, пероральды, препарат, ақтышқан.

Қазіргі таңда табиғи дәрілік заттар үлкен сұранысқа ие [1-5]. Оларға деген қызығушылық, олардың қауіпсіздігі мен тиімділігіне де жоғары талап қояды. Синтетикалық препараттармен салыстырғанда табиғи дәрілік заттардың бірқатар артықшылықтары бар, олардың құрамында: препараттардың негізгі фармакологиялық әсерін анықтайтын бірқатар биологиялық белсенді заттар болады. Табиғи дәрілік заттардың сапасы мен тиімділігі көп жағдайда олардың алу технологиясына және т.б.көптеген жағдайларға тәуелді болады. Берілген ерекшеліктер табиғи дәрілік заттарды стандарттауға жоғары талап қояды, және олар орындалған жағдайда сипатталған фармакологиялық әсері анық білінеді.

Жаңа табиғи дәрілік заттарға қойылатын негізгі талаптардың біріне, дәрілік заттың клиникаға дейінгі зерттелуі жатады [6].

Уыттылық – препараттардың сапасын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып саналады. Уыттылықты анықтау арқылы препараттарды колдану барысындағы оның қауіптілік дәрежесі немесе зиянсыздығы туралы пайдалы ақпарат алуға болады.

Зерттелетін препараттың құрамындағы уыттылықты зерттеудің жалпыға мәлім екі түрі белгілі: бірі – жедел уыттылық және келесісі – созылмалы уыттылық. Заттың уыттылығын зерттеу кезінде зертханалық жануарларға бірнеше ендіру жолдары белгілі. Жүйелі түрде енгізуге арналған фармакологиялық заттарды екі түрлі жолмен ендіреді. Егер препарат суда ерімейтін болса, онда пероральды жолмен зонд арқылы және парентеральды – кеуде құысы арқылы беріледі, ал егер еритін препараттар болса оларды тері астылық және құре тамырға құю арқылы ендіріледі [7].

Бал арасы Қазақстанның барлық дерлік жерлерінде өсіріледі және ол тұқым шаруашылығына қажеттілігі есебінен, сонымен катар басқа да пайдалы өнімдері арқасында соңғы кездері оған деген сұраныс артып отыр [8]. Осы бал арасынан альнатын аталық ара ұрықтарын табиғи емдік қасиеті бар дәрілік зат ретінде пайдалану, оның құрамы мен пайдалы қасиеттерін, әсерін зерттеу бойынша жұмыстары қазіргі уақытқа дейін жүргізілмей келеді. Жаңа табиғи дәрілік заттарды алуша аталақ ара ұрықтары қызығушылық тудырады.

Көрші Ресей елінде аталақ ара ұрықтарынан жасалған «Билар» сияқты иммундық қасиетті жақсартатын биологиялық белсенді препараттар құрылған, сонымен катар олар түрлі наң өнімдерінің құрамына қосу арқылы дайындалған [9]; жемге сәбізben бірге қосып беру арқылы қабандардың жыныстық қасиетін арттыру сияқты қабілеттері бойынша сынақ жұмыстары жүргізілген [10]. Гомогенделген аталақ ара ұрықтарын ауыл шаруашылық жануарларының жеміне қосып беру, олардың салмағының артуы мен ағзаларының физикалық жүктемелерге төзімділігін арттырған [11].

Табиғи және қол жетімді табиғи заттардан жана дәрілік препараттарды құру, сонымен катар олардың тиімділігін, адам мен жануарларға қауіпсіздігін анықтау, нақтылау қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Жоғарыда аталған аудандар үшін халықтың қоныстану тығыздығы да басым, яғни 1 км<sup>2</sup> жерге 5 адамнан келіп отыр (2- сурет), сондай-ақ өндіріс орындары мен республикалық мәнге ие автомобиль жолдары да басым шоғырланған. Бөрлі ауданында халықтың тығыз қоныстануы мұнай құбырлары мен мұнай-газ инфракұрылымының орналасуымен байланысты. Облыстың оңтүстік батыс аудандарына қарай шабындық жерлер мен егістік жерлер көлемі азая түседі, мысалы Тасқала ауданының өзінде-ақ егістік жерлер көлемі – 6,5% құрап отыр. Жайық өзенінен қашықтаған сайын халықтың қоныстану тығызды да кемі туседі.

Орталықжәне оңтүстікаудандарда егістік жерлер 5% көрсеткішті құрайды. Бұл аудандар облыстың шөлді және шөллейтті зоналарында орналасқан және тұрғындардың басым көпшілігі мал шаруашылығына бейімделген.

Батыс Қазақстан облысы статистика департаментінің 2009-2010жж. мәліметтерін пайдалана отырып, әртүрлі әкімшілік аудандарындағы атмосфералық (AB) анықталды [4, 5].



2 сурет.БҚО әкімшілік аудандары үшін қоныстану тығыздығы

К. М. Ахмеденовтің [3] материалдарын және халықтығыздығы мен жыртылған жерлер мәліметтерін пайдалана отырып, БҚО әкімшілік аудандарына төмендегі 1-ші формула бойынша антропогендік басымдылық коэффициенті есептелінді (1- кесте).

Кесте 1 - БҚО әкімшілік аудандары үшін антропогендік басымдылық көрсеткіштері (2009ж. мәліметбойынша)

Ауданатуы	Ауданкөлемі, мың. км <sup>2</sup>	Халықтығыздығы, адам./км <sup>2</sup>	Ауданкөлеміненегістікүлесі, %	Антропогендік бағыттары (AB)
Жәнібек	8,2	2,2	1,31	Әлсіз
Бекейорда	19,2	0,9	0,02	
Жаңақала	20,8	1,1	0,01	
Казталов	18,6	1,9	0,05	
Ақжайық	8,1	2,3	6,51	Орташа
Қаратөбе	25,9	1,7	0,03	
Тасқала	10,0	1,9	0,10	
Сырым	11,9	2,1	5,55	
Шыңғырлау	7,2	2,5	5,29	Жоғары
Берлі	5,6	10,1	19,30	
Теректі	8,4	5,1	17,75	
Зелёнов	7,7	7,2	34,36	Өтежоғары

Антропогендік басымдылық көрсеткіштері облыстың әкімшілік аудандары үшін әр түрлі деңгейде екендігін көрсетіп отыр. 1 кесте қорытындысы бойынша, Бекейорда ауданы көлемі бойынша үшінші орында ( $19,2$  мың. км<sup>2</sup>) тұрганымен халықтығыздығы бойынша ең соңғы деңгейде ( $0,9$ ) екендігі көрініп отыр. Ал, Жаңақала ауданы үшіноблыс аумағында террииториясы бойынша екінші орынға ( $20,8$  мың. км<sup>2</sup>) ие болғанына қарамастан, егістік көлемінің ең төменгі деңгейде ( $0,01\%$ ) екендігі анықталып отыр.

Кестеде көрсетіліп отырғандай, БҚО-ның мал шаруашылығы дамыған аудандар үшін (Бекейорда, Жаңақала, Жәнібек, Казталов, Ақжайық және Қаратөбе) әлсіз антропогендік басымдылық пен төмен халықтығыздығы, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен транспорттық жол тораптарының болмауы тән.

**Корытынды.** Зерттеулер нәтижесі бойынша, БҚО әкімшілік аудандарындағы антропогендік басымдылық жағдайы мамандандырылған шаруашылық түріне және сол ауданның экономикалық, физикалық-географиялық жағдайымен тікелей байланысты екендігін көре аламыз. Өйткені, облыстың солтүстігінде орналасқан аудандар үшін мал шаруашылығымен қатар, егіншіліктің қарқынды дамуы, қоныстанған халық саны мен тығыздығының артуына себепші болып отыр. Сонымен қатар, солтүстік әкімшілік аудандар облыс орталығы Орал қаласына жақын орналасуыда айтарлықтай әсер етеді. Ал, шөлді және шөлейтті зоналарда орналасқан аудандар үшін, мал шаруашылығының күнкөріс пен табыс көзіне айналуына бірден бір себеп, табиғи-климаттық жағдай екендігі анық байқалады. Жоғарыда көтірілген мәліметтер барысында, табиғи жағдай мен тарихи кезеңдердегі шаруашылықты игеру ерекшеліктеріне қарай БҚО территориясын қазіргі кезде мал және егіншілікке маманданған аудандар деп бөліп қарастырумызға толық негіз бар.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Агроклиматический справочник по Западно-Казахстанской области [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.kazneb.kz>
2. Атлас экологии планеты Земля [Текст]: под ред. Н. В. Леонтьевой. – Волгоград: кооператив «Книга», «Международный Центр просвещения «Вайланд - Волгоград»», 1994. –96 с.
3. Ахмеденов, К. М. Динамика и сбалансированность структуры землепользования степей Западно-Казахстанской области [Текст] / К. М. Ахмеденов // Проблемы региональной экологии. - 2008 - № 3. – С. 34-39.
4. Сельское, лесное и рыбное хозяйство Западно-Казахстанской области [Текст]: статистический сборник. - Департамент Статистики ЗКО, 2000. – 154 с.
5. Сельское, лесное и рыбное хозяйство Западно-Казахстанской области на 2006-2010гг. [Текст]: статистический сборник. - Департамент Статистики ЗКО, 2011. – 164 с.

### ОЦЕНКА АНТРОПОГЕННОЙ НАГРУЗКИНА АДМИНИСТРАТИВНЫЕ РАЙОНЫ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ Б. Ж. Есмагулова

*В статье использовались статистические материалы для оценки антропогенной нагрузки на административные районы Западно-Казахстанской области. Объектом исследований являются административные районы Западно-Казахстанской области.*

### ASSESSMENT OF ANTHROPOGENIC LOAD ON THE ADMINISTRATIVE DISTRICTS IN WEST KAZAKHSTAN REGION B. Zh. Esmagulova

*This article used statistics to assess the anthropogenic load on the administrative areas of West Kazakhstan region. The object of research are administrative areas of the Western Kazakhstan region.*

ӘОЖ: 631.632

**А.О. Жатканбаева**

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

### ТАМШЫЛАТЫП СУГАРУ АРҚЫЛЫ ӨСІРІЛЕТІН ҚЫЗАНАҚ ДаҚЫЛЫНЫҢ СУГАРУ ТӘРТІБІН (РЕЖИМІН) ЕСЕПТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеулердің нәтижесінде қызанақ дақылын тамшылатып сугару арқылы өсіру кезіндегі дақылдың сугару тәртібін (режимін) есептеудің жаңа әдіstemесі анықталып, негізделді. Далалық тәжірибе нәтижелер мен теориялық есептеулер арасындағы айырмашылық сугару саны бойынша 2-3 рет болса, сугармалау мөлшері бойынша  $252-289 \text{ м}^3/\text{га-ны}$  құрады. Қызанақтың су пайдалану коэффициенті  $85 \text{ м}^3/\text{т}$ , сугару суының өнімділігі  $73 \text{ м}^3/\text{т}$  тең болды.

**Түйін сөздер:** тамшылатып сугару, биологиялық коэффициент, буланғыштық, сугару мөлшері, сугару саны.

Суғару тәртібі дегеніміз суғару санының, суғару мерзімінің, суғару және суғармалау мөлшерлерінің, суғару жұмысының және суғару аралық кезеңнің ұзақтығының жиынтығын айтамыз. Ауылшаруашылық дақылдарының суғару тәртібі аймақтың табиғи жағдайына және суғарылатын дақылдың биологиялық ерекшелігіне байланысты болады.

Суғару мерзімін анықтауда келесідей екі негізгі ұғымдарды басқару арқылы анықтауға болады: ауылшаруашылық дақылдарының суғару жағдайда талап етеді және оны есімдікке суғару жұмысын жүргізу арқылы береміз. Соңғы ғылыми зерттеу жұмыстарда ауылшаруашылық дақылдары үшін топырақтың ең томенгі ылғал сиымдылығына сәйкес келетін ылғалдылық 65-75% шамасында қабылданып келеді. Физикалық қасиеті нашар топырақтарда бұл көрсеткіш 80% көтеріледі. Кейір топырақтар аз мөлшерде жылжымалы сүмен қамтамасыз етілген және мұндай топырақтарда оптималды ылғалдылықты ұстап тұру тиімсіз.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу зерттеу жұмысының маңызды көрсеткіші болып табылады. Өндірістік жағдайда тамшылатып суғару жүйесін қолдануда дақылдың суғару режимін аныктап алған маңызды. Зерттеу жұмысы Жамбыл облысы Жамбыл ауданына қарасты «Тастөбе» ауылының суғармалы жерлерінде жүргізілді. Біздің жағдайда қызанақ дақылын тамшылатып суғарудың тәртібін есептеуде тәжірибелік және теориялық әдістер бойынша жүргізілді. Қызанақ дақылын тамшылатып суғарудағы суғару тәртібін теориялық әдіс бойынша есептеуде келесідей көрсеткіштер ескеріліп анықталды:

- |  |                                     |
|--|-------------------------------------|
| Ø тәуліктік буланғыштық;   | Ø айлар бойынша жалпы су пайдалану; |
| Ø тәуліктік су пайдалану;  | Ø суғару мөлшері;                   |
| Ø биологиялық коэффициент;                                       | Ø суғару аралық кезен;              |
| Ø топырақтың жаппай ылғалданбау дәрежесін ескеретін коэффициент; | Ø суғару саны.                      |

Тәуліктік буланғыштық Н.Н. Ивановтың танымал теңдеуі арқылы анықталды [1]:

$$E_0 = 0,0006(25+t)^2 (100-a), \text{ м}^3/\text{га.тәулік} \quad (1)$$

мұнда,  $t$  – ауаның орташа тәуліктік температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ ;  $a$  – ауаның тәуліктік орташа ылғалдылығы, %.

Тәуліктік су пайдалану келесі теңдеу арқылы анықталды:

$$E_{\text{тәу}} = E_0 \cdot K_b \cdot K_y, \text{ м}^3/\text{га} \quad (2)$$

мұнда,  $E_0$  – Н.Н. Иванов бойынша анықталған буланғыштық;  $K_b$  – биологиялық коэффициент;

$K_y$  – топырақтың жаппай ылғалданбау дәрежесін ескеретін коэффициент.

$K_y$  – топырақтың жаппай ылғалданбау дәрежесін ескеретін коэффициент келесі теңдеумен анықталды:

$$K_y = \frac{1}{1 + (1 - f)} ; \quad f = \frac{S}{F} ; \quad (3)$$

мұнда,  $S$  – 1 га жердегі локалды ылғалданған аудан,  $\text{m}^2$ ;  $F$  – 1 га жердің ауданы ( $10000 \text{ m}^2$ ).

Әр айдағы жалпы су пайдалануды анықтау үшін, анықталған тәуліктік су пайдалану ( $E_{\text{тәу}}$ ) мөлшерін әр айдағы жалпы күннің санына көбейту арқылы анықтаймыз:

$$A_{\text{жсп}} = E_{\text{тәу}} \cdot N, \text{ м}^3/\text{га} \quad (4)$$

мұнда,  $N$  – әр айдағы барлық күннің саны (30-31 күн).

Зерттеу жылдары бойынша топырақтың жаппай ылғалданбау дәрежесін ескеретін коэффициент ( $f$ ) біздің жағдайда 0,20 – 0,27 тең болды. Бір түп есімдіктің ылғалдану контуры 2012жылы  $0,057 \text{ m}^2$ -ты құраса, 2013 –  $0,060 \text{ m}^2$ , 2014 –  $0,075 \text{ m}^2$  және 2015 –  $0,070 \text{ m}^2$ -ты құрады. Сәйкесінше 1га жердің ылғалдану контуры 2035; 2142; 2678 және  $2500 \text{ m}^2$ . Топырақтың жаппай ылғалданбау дәрежесін ескеретін коэффициент зерттеу жылдары бойынша 0,55 – 0,58 (кесте 1).

Кесте 1 – Тамшылатып суғару тәсіліндегі топырақтың ылғалдану көрсеткіштері (70% ЕТШЫС\*)

Зерттеу жылдары	1 түп өсімдіктің ылғалдану контуры ( $S$ ), $m^2$	1га жердің ылғалдану контуры, $m^2$	Жаппай ылғалданбау коэффициенті, $f$	$K_y$
2012	0,057	2035	0,20	0,55
2013	0,060	2142	0,21	0,56
2014	0,075	2678	0,27	0,58
2015	0,070	2500	0,25	0,57
<b>Орташа</b>	<b>0,065</b>	<b>2339</b>	<b>0,23</b>	<b>0,56</b>

ЕТШЫС\* - ең төменгі шекті ылғал сиымдылығы (топырақтың құрылымы біртекті, گрунт сулары теренде орналасқан жағдайда судың еркін ағуымен қандыра ылғалдандырылғаннан кейінгі топырақтың өз бойында ұстап тұра алғатын ең көп су мөлшері; оның өлшем бірлігі кеуектілік пайызбен немесе топырақтың көлемдік массасымен өлшенеді [2]).

Зерттеу жылдары бойынша қызанақ дақылының айлар бойынша жалпы су пайдалануының жоғары көрсеткіштері маусым және шілде айларында байқалды. 2012 жылы маусым айында  $630m^3/га$  болса, шілде айында  $868m^3/га$ . Сәйкесінше зерттеу жылдарында 2013жылы маусымда -  $750m^3/га$ , шілдеде -  $837m^3/га$ ; 2014жылы маусымда -  $930m^3/га$ , шілдеде -  $992m^3/га$  және 2015жылы маусымда -  $780m^3/га$ , шілдеде -  $961m^3/га$  болды. Эр айдағы жалпы су пайдалану қосындысы тендеулер бойынша анықталған вегетация кезіндегі жалпы су пайдалану жиынтығы болып табылады (кестелер 2, 3, 4, 5).

Кесте 2 – Топырақтың 70% ЕТШЫС-на сәйкес келетін ылғалдылықтағы қазынақ дақылының су пайдалануы (2012 ж.)

№	Көрсеткіштер	Айлар			
		Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	Н.Н. Иванов бойынша буланғыштық $E_o = 0,0006(25+t)^2 (100-a)$ , $m^3/га.тәулік$	45	51	68	55
2	$K_b$ – биологиялық коэффициент	0,73	0,77	0,76	0,74
3	$K_y$ – территорияның ылғалдану коэффициенті	0,55	0,55	0,55	0,55
4	Тәуліктік су пайдалану $E_{tay} = E_o \cdot K_b \cdot K_y$	18	21	28	22
5	Айлар бойынша жалпы су пайдалану, $m^3/га$	558	630	868	682
6	Тендеулер бойынша жалпы су пайдалану	$E_{cum} = 2738 m^3/га$			
7	Жалпы су пайдалану (тәжірибе бойынша), $m^3/га$	$E_{cum} = 2968 m^3/га$			

Кесте 3 – Топырақтың 70% ЕТШЫС-на сәйкес келетін ылғалдылықтағы қазынақ дақылының су пайдалануы (2013 ж.)

№	Көрсеткіштер	Айлар			
		Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	Н.Н. Иванов бойынша буланғыштық $E_o = 0,0006(25+t)^2 (100-a)$ , $m^3/га.тәулік$	44	62	64	56
2	$K_b$ – биологиялық коэффициент	0,73	0,74	0,77	0,71
3	$K_y$ – территорияның ылғалдану коэффициенті	0,56	0,56	0,56	0,56
4	Тәуліктік су пайдалану $E_{tay} = E_o \cdot K_b \cdot K_y$	17	25	27	22
5	Айлар бойынша жалпы су пайдалану, $m^3/га$	527	750	837	682
6	Тендеулер бойынша жалпы су пайдалану	$E_{cum} = 2796 m^3/га$			
7	Жалпы су пайдалану (тәжірибе бойынша), $m^3/га$	$E_{cum} = 2944 m^3/га$			

Кесте 4 – Топырақтың 70% ЕТШЫС-на сәйкес келетін ылғалдылықтағы қазынақ дақылының су пайдалануы (2014 ж.)

№	Көрсеткіштер	Айлар			
		Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	Н.Н. Иванов бойынша буланғыштық $E_o = 0,0006(25+t)^2 (100-a)$ , м <sup>3</sup> /га.тәулік	40	70	75	62
2	$K_b$ – биологиялық коэффициент	0,75	0,78	0,75	0,73
3	$K_y$ – территорияның ылғалдану коэффициенті	0,58	0,58	0,58	0,58
4	Тәуліктік су пайдалану $E_{tay} = E_o \cdot K_b \cdot K_y$	17	31	32	26
5	Айлар бойынша жалпы су пайдалану, м <sup>3</sup> /га	527	930	992	806
6	Тендеулер бойынша жалпы су пайдалану	$E_{cum} = 3255 \text{ м}^3/\text{га}$			
7	Жалпы су пайдалану (тәжірибе бойынша), м <sup>3</sup> /га	$E_{cum} = 3287 \text{ м}^3/\text{га}$			

Кесте 5 – Топырақтың 70% ЕТШЫС-на сәйкес келетін ылғалдылықтағы қазынақ дақылының су пайдалануы (2015 ж.)

№	Көрсеткіштер	Айлар			
		Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
1	Н.Н. Иванов бойынша буланғыштық $E_o = 0,0006(25+t)^2 (100-a)$ , м <sup>3</sup> /га.тәулік	39	60	76	62
2	$K_b$ – биологиялық коэффициент	0,74	0,77	0,73	0,71
3	$K_y$ – территорияның ылғалдану коэффициенті	0,57	0,57	0,57	0,57
4	Тәуліктік су пайдалану $E_{tay} = E_o \cdot K_b \cdot K_y$	16	26	31	25
5	Айлар бойынша жалпы су пайдалану, м <sup>3</sup> /га	496	780	961	775
6	Тендеулер бойынша жалпы су пайдалану	$E_{cum} = 3012 \text{ м}^3/\text{га}$			
7	Жалпы су пайдалану (тәжірибе бойынша), м <sup>3</sup> /га	$E_{cum} = 3246 \text{ м}^3/\text{га}$			

2, 3, 4 және 5 кестелердің қорытындыласақ, тендеулер бойынша анықталған жалпы су пайдалану зерттеу жылдары бойынша келесідей көрсеткіштердің көрсетті: 2012ж. - 2738м<sup>3</sup>/га болса, 2013ж. - 2796м<sup>3</sup>/га, 2014ж. - 3255м<sup>3</sup>/га және 2015ж. - 3012м<sup>3</sup>/га болды (ортаса 2950м<sup>3</sup>/га). Сәйкесінше, тәжірибе бойынша 2968; 2944; 3287; 3246 м<sup>3</sup>/га (ортаса 3110 м<sup>3</sup>/га).

Элементарлы суғару мөлшері дегеніміз – бір өсімдік түбінің тамыржүйесін қажетті терендікке ылғалдандыруға беретін судың мөлшерін айтамыз және ол келесі тендеу арқылы анықталды [3]:

$$m_s = \left( \frac{t}{60} \cdot q \right) : 1000, \text{ м}^3 / \text{түп} \quad (5)$$


мұнда, t – топырақтың есепті қабатының ылғалдандыру ұзақтығы, минут; q – тамшылат-қыштың су өтімі, л/сағ.; 60 – 1 сағаттагы минут саны.

Есепті суғару мөлшерін анықтау [3]:

$$m_h = m_s * n, \text{ м}^3/\text{га} \quad (6)$$

мұнда, m<sub>h</sub> – элементарлы суғару мөлшері, м<sup>3</sup>/түп; n – бір гектардағы өсімдік саны, дана.

Біздің жағдайда топырақтың есепті қабатының ылғалдану ұзақтығын (t) анықтау үшін лизиметрлік жәшікте (сурет 1) зерттеу жұмысы жүргізілді [3].



Сурет 1 – Лизиметр жәшігінің жалпы көрінісі

Зерттеу нәтижесі бойынша механикалық құрамы орташа саздақты топырақтарда топырақтың есепті қабатының ылғалдану тереңдігі 50 см қабылданды. Қабылданған тереңдік 2012 жылы – 210 минутта ылғалданса, 2013 – 190 мин, 2014 – 190 мин және 2015 – 190 минутта ылғалданды.

Суғару аралық кезең (T) келесі тендеу арқылы анықталды [4, 5]:

$$T = \frac{m_h}{E_{may}}, \text{ тәулік} \quad (7)$$

Суғару саны (N) келесі тендеу арқылы анықталды:

$$N = \frac{N_{ai}}{T}, \text{ рет} \quad \text{мұнда, } N_{ai} - \text{бір айдағы күн саны.} \quad (8)$$

Ұсынылып отырган жаңа әдістеме бойынша қызанақ дақылын тамшылатып суғару тәртібінің (режимінің) теориялық анықтаулар нәтижесі көрсеткендей, қызанақ 2012 жылы мамыр айында брет, маусымда – 5рет, шілдеде – брет және тамызда – 5рет суғарылса (барлығы – 22рет), 2013 жылы мамыр айында брет, маусымда – брет, шілдеде – брет және тамызда – 5рет (барлығы – 23рет), 2014 жылы мамыр айында брет, маусымда – 7рет, шілдеде – 7рет және тамызда – брет (барлығы – 26рет) және 2015 жылы мамыр айында брет, маусымда – брет, шілдеде – 7рет және тамызда – брет (барлығы – 25рет) суғарылатындығы анықталды. Зерттеу жылдары бойынша орташа суғармалау мөлшері 2910 м<sup>3</sup>/га (кесте 6).

Кесте 6 – Ұсынылып отырган жаңа әдістеме арқылы анықталған қызанақ дақылын тамшылатып суғару тәртібінің теориялық есептеулері (70% ЕТШЫС, q=1,2 л/сағ)

Көрсеткіштер	Айлар				Суғару саны	Суғармалау мөлшері, м <sup>3</sup> /га
	мамыр	маусым	шілде	тамыз		
<b>2012 ж.</b>						
Суғару мөлшері (m <sub>h</sub> ), м <sup>3</sup> /га	89	132	132	132		
Тәуліктік су пайдалану (E <sub>Tay</sub> ), м <sup>3</sup> /га	18	21	28	22		
Суғару аралық кезең (T), тәулік	5	6	5	6		
Суғару саны (N), рет	6	5	6	5	22	
Суғармалау мөлшері (M <sub>bp</sub> ), м <sup>3</sup> /га	534	660	792	660	22	2646
<b>2013 ж.</b>						
Суғару мөлшері (m <sub>h</sub> ), м <sup>3</sup> /га	89	132	132	132		
Тәуліктік су пайдалану (E <sub>Tay</sub> ), м <sup>3</sup> /га	17	25	27	22		
Суғару аралық кезең (T), тәулік	5	5	5	6		
Суғару саны (N), рет	6	6	6	5	23	
Суғармалау мөлшері (M <sub>bp</sub> ), м <sup>3</sup> /га	534	792	792	660	23	2778
<b>2014 ж.</b>						
Суғару мөлшері (m <sub>h</sub> ), м <sup>3</sup> /га	89	132	132	132		
Тәуліктік су пайдалану (E <sub>Tay</sub> ), м <sup>3</sup> /га	17	31	32	26		
Суғару аралық кезең (T), тәулік	5	4	4	5		
Суғару саны (N), рет	6	7	7	6	26	
Суғармалау мөлшері (M <sub>bp</sub> ), м <sup>3</sup> /га	534	924	924	792	26	3174
<b>2015 ж.</b>						
Суғару мөлшері (m <sub>h</sub> ), м <sup>3</sup> /га	89	132	132	132		
Тәуліктік су пайдалану (E <sub>Tay</sub> ), м <sup>3</sup> /га	16	26	31	25		
Суғару аралық кезең (T), тәулік	5	5	4	5		
Суғару саны (N), рет	6	6	7	6	25	
Суғармалау мөлшері, м <sup>3</sup> /га	534	792	924	792	25	3042
Орташа суғармалау мөлшері, м <sup>3</sup> /га						2910

Зерттеу жылдарында қызанақ дақылы теория бойынша 2012 ж. 22рет суғарылса, 2013 ж. – 23, 2014 ж. – 26 және 2015 ж. – 25рет суғарылады. Тәжірибе бойынша қызанақ дақылы 2012 ж. – 19рет суғарылса, 2013 – 20рет, 2014 – 23рет және 2015 – 23рет суғарылды. Тәжірибе және теориялық есептеулер арасындағы суғару санының айырмашылығы – 2-3рет. Яғни, ұсынылып отырган жаңа әдістеме

арқылы ауылшаруашылық дақылдарының суғару тәртібін алдын ала есептеп, оны өндірісте қолдануға болады (кесте 7).

Кесте 7 – Тамшылатып суғару арқылы өсірілетін қызанақтың суғару тәртібін негіздеу

№	Көрсеткіштер	Тәжірибе бойынша	Теориялық	Айырмашылық ±
1	Тамшылатқыштың өтімі, л/сағ	1,2	1,2	-
2	Топырактың есепті қабатының ылғалдану тереңдігі, см	50	50	-
3	50 см топырақ тереңдігінің ылғалдану ұзақтығы, мин	190	190	-
4	Элементарлы суғару мөлшері, м <sup>3</sup> /түп	0,0037	0,0037	-
5	Топырақтың ЕТШЫС-а сәйкес келетін ылғалдылық	70-73%	70%	3%
6	Суғару мөлшері, м <sup>3</sup> /га	89-132	89-132	-
7	Суғару аралық кезең (Т), тәулік	4 - 6	4 - 6	-
8	Суғару саны (N), рет	19 - 23	22 - 26	2-3
9	Суғармалау мөлшері, м <sup>3</sup> /га	2394-2885	2646-3174	252-289
10	Жалпы су пайдалану (орташа), м <sup>3</sup> /га	3110	2950	160/5,1 %
11	Қызанақтың өнімділігі, т/га	36,4	-	-
12	Су пайдалану коэффициенті, м <sup>3</sup> /т	85 (50%)	-	-
13	Суғару сүйнің өнімділігі, м <sup>3</sup> /т	73 (53%)	-	-

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадырбаев А.Қ., Қадырбаев Д.А., Қадырбаева А.А. Ауылшаруашылық мелиорациясы: өсімдіктерді қорғау және агроэкология. «Бастау» баспасы. Алматы, 2011. 16 б. (328 б.).
2. Исадай С.И., Мұстафаев Ж.С., Мұсабеков Қ.Қ., Ізбасов Н.Б., Қозыкеева Ә.Т., Нұрабаев Д.М. Суғару мелиорациялары. М.Х. Дулати атындағы Тараз-2013. 395 б.
3. Қозыкеева Ә.Т., Есмурзаева А.К., Жатқанбаева А.О. Қызанақ дақылын тәмен қысымды тамшылатқышпен суғару режимі және дақылдың су пайдалану жынытығы // С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. №3(90). Астана-2016. 51-60 б.
4. Жатканбаева А.О. Исследование режима орошения томата при капельном способе полива в условиях Жамбылской области // Проблемы развития мелиорации и водного хозяйства в России. Материалы Международной научно-практической конференции. Москва-2015. 402-407 с.
5. Козыкеева А.Т., Жатканбаева А.О. Совершенствование методики расчета поливного режима при капельном орошении // Водное хозяйство Казахстана (научно-информационный журнал) №1 (63) январь-февраль 2015. 33-37 с.

## НОВАЯ МЕТОДИКА РАСЧЕТА РЕЖИМА ОРОШЕНИЯ ТОМАТА ПРИ КАПЕЛЬНОМ ПОЛИВЕ

А.О. Жатканбаева

*Результатами полевых исследований были определены и обоснована новая методика расчета режима орошения томата при капельном орошении. Разница между опытными данными и теоретическими расчетами по количеству поливов томата составляет 2-3 полива, при этом разница между оросительными нормами составляет 252-289 м<sup>3</sup>/га. Коэффициент водопотребления томата составил 85 м<sup>3</sup>/т, а продуктивность оросительной воды 73 м<sup>3</sup>/т.*

## NEW METHOD OF CALCULATION OF THE MODE OF IRRIGATION OF A TOMATO IN CASE OF CABLE WATERING

A.O.Zhatkanbayeva

*Were determined by results of field surveys and the new method of calculation of the mode of irrigation of a tomato in case of drop irrigation is proved. The difference between the experimental data and theoretical calculations for the number of watering of a tomato constitutes 2-3 waterings, at the same time the difference between irrigating regulations constitutes 252-289 m<sup>3</sup> of hectare. The coefficient of water consumtion of a tomato made 85 m<sup>3</sup> of t, and productivity of irrigation water of 73 m<sup>3</sup> of t.*

## **ДАЛА ЗОНАСЫ ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ЭКОЛОГИЯСЫ ӘСЕРІНЕҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ**

**Аннотация:** Далалық және зертханалық зерттеулер нәтижелерінің деректері бойынша кәдімгі қара топырақтың қарашірінділі қабатының ( $A+B_1$ ) қалыңдылығы қайың орман жолагы астында 53 см, орман жолагының шекарасынан солтүстік бағытта (50 м) өңделмеген тыңайған жерде – 51 см болса, ал қайың орман жолагынан 25 м қашықтықтағы жаздық бидай танағында небәрі 45 см қалыңдылықты құрады. Орман жолагы астындағы топырақтың қарашірінділі қабатының қалың болуы агашилардың қолайлы гидротермиялық жағдайларды қалыптастырып, орман төсөнішінің ( $A_o$ ) мол жиналуды нәтижесінде туындалған.

**Түйін сөздер:** топырақ, танаң топырагы, топырақ кескіні, морфологиялық белгілері, орман екпелері, карбонаттар мөлшері.

Қазіргі уақытта орман жолақтарының топырақ қасиеттеріне және топырақ ішінде жүріп жатқан көптеген үрдістерге, яғни жалпы топырақ түзілу бағытының өзгерісіне әсері туралы көптеген қарама-қайшы пікірлер кездеседі [1, 2].

Сонымен қатар, топырақтың морфологиялық қасиеттерінің өзгерісі: қарашірінді қабатының қалыңдауы, қайнау терендігінің төмендеуі, топырақ түйіртпектілігінің өзгерісі және басқа да өзгерістер орман жолағының жасымен тікелей байланысты [3]. Ал, орман жолағынан алыштаған сайын оның ықпалы әлсірей бастайдыда, сол аймаққа тән топырақ қасиеттеріне ие болады.

Зерттеу нысандары - Ақмола облысы Щучье-Бурабай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) қарамағындағы Ақылбай ауыл шаруашылық мекемесінің кәдімгі қара топырагы. Зерттеу жүргізілген нұсқалар:

- егіс алқабын қорғайтын 45 жылдық қайың орман жолағы;
- ауыл шаруашылығы қолданысындағы жыртылмалы жер;
- қайың орман жолагы шекарасынан солтүстік бағытта 50м қашықтықтағы ашық алаңның тыңайған жері.

Зерттеу нұсқаларында олардың жер бедері жағдайының орташа сипатына иелі жерлерде топырақ кескіндері қазылған, генетикалық қабаттарының морфологиялық белгілеріне сипаттамалар берілді.

Екпелі қайың орман жолағында, тыңайған және егіншілікте пайдаланылатын танаңтарда қазылған топырақ кескіндерінің морфологиялық белгілерін сипаттау топырақтың генетикалық қабаттарында пайда болған өзгерістерге түсінік береді. Ол өзгерістерге толық анықтама беру далалық және лабораториялық зерттеулер нәтижелері негізінде жүзеге асады.

1-кескін екпелі қайың орман жолағының топырақ пайда болу үрдісінің орташа сипатына сай жерде қазылған. Жер бедері өте әлсіз көлбейу жазықтық.

Топырақ кескінін морфологиялық сипаттары:

$$A_0 \frac{0-4}{4} \text{ см}$$

шөптесін өсімдіктердің, ағаш жапырақтарының, бұтақтардың әртүрлі денгейде шірінділенген қалдықтары және өсімдік тамырларымен байланысқан борпылдақ орман жамылғысы.

$$A \frac{4-31}{27} \text{ см}$$

қара түсті, топырақ бетінде аздаған өсімдіктердің шірінділенген қалдықтары бар, шөптесін және ағаш өсімдіктерінің тамырлары мол, ұсақ дәнді-кесекті, ауыр құмбалшықты, сәл ылғалды, тығыз, тұз қышқылынан қайнамайды, келесі қабатқа ауысуы түсі бойынша айқын.

$$B_1 \frac{31-53}{22} \text{ см}$$

құнғырттеу-қара, сарғыш түсті, кесекті, ауыр құмбалшықты, тығыз, тұз қышқылынан қайнамайды, келесі қабатқа ауысуы біртінде.

$$B_2 \frac{53-91}{38} \text{ см}$$

сарғыш қоңыр түсті біртексіз боялған, кей жерлерде диаметрі 3-4 см болатын қара түсті дақтар кездеседі, кесекті, ауыр құмбалшықты, тығыз, тұз қышқылынан қайнайды, келесі қабатқа ауысуы біртінде.

С 91 см-ден

сарғыш түсті, біртексіз боялған аздаған қара-коңыр түйіршіктер кездеседі, ірі кесекті, сәл ылғалды, тығыз, жіңішке ағаш тамырлары кездеседі, карбонатты ауыр құмбалшық.

Топырактың атаяу: ауыр құмбалшықты, орташа қарашірінділі, орташа қалың, кәдімгі қара топырак.

Топырақ бетінде тұракты орман төсеніші Ао қалыптастан (0-10 см). Бұл қабаттың үстінгі бөлігінде қайың бұтақтары және аз мөлшерде шептесін өсімдіктердің қалдықтары кездеседі, оның төменгі жағында әлсіз және жақсы шірінділенген органикалық қалдықтар бар. Топырақ кескіні келесідей бірнеше қабаттардан тұрады: A<sub>o</sub> - A - B<sub>1</sub> - B<sub>2</sub> - C. Беткі қарашірінділі (A) қабаттың түсі қара, оның қалындылғы 4-31 см, келесі B<sub>1</sub> (31-53 см) қабаты қарашірінділі (A) қабатына қарағанда түсі ашиқтау және түйірпектілігі кесекті болып келеді. A+B<sub>1</sub> қабатының қалындығы 53 см, яғни орман жолағы әсерінен топыракта қолайлы гидротермиялық көрсеткіштер қалыптасты қарашірінділену үрдісінің қарқынды жүруіне жағдай жасалған. Топырақ кескінін тұз қышқылынан қайнауы B<sub>2</sub> (53-91 см) қабатынан басталып, төменгі қабаттарда қайнау қүштірек деңгейде жүреді. Топырақ кескінін морфологиялық түрғыдан сипаттағанда карбонаттардың мол шоғырлануы, төменгі B<sub>2</sub> және С қабаттарында кездеседі. Бұл деректер зертханалық талдаудың мәліметтеріменде дәлелденді. Карбонаттардың топырактың беткі қабатындағы көрсеткіші өте аз 0,17-0,50% болса, төменгі B<sub>2</sub> және С қабаттарында олардың мөлшері 9,49 - 11,35%-ға дейін көбейеді. Кейбір ғалымдардың [4, 5, 6] тұжырымдары бойынша, топырақ кескінінде карбонаттардың төменгі қабаттарда кездесуі, орман жолағы астында қыста қардың мол жиналудынан, көктемде шайылу үрдісінің қарқынды жүруімен байланысты деп есептейді.

2-кескін қайың орман жолағынан 25 м қашықтықтағы жаздық бидай танабында қазылған. Жер бедері - көлбеулеу жазықтық.

Кәдімгі қара топырақ кескінінің морфологиялық сипаттары:

$$A_{жyр} \frac{0-27}{27} см$$

Қара түсті, сәл ылғалды, өсімдіктерінің тамырлары кездеседі. дәнді-шанды-кесекті, тығызыдау, орташа құмбалшықты, тұз қышқылынан қайнамайды, келесі қабатқа ауысуы түсі бойынша айқын.

$$B_1 \frac{27-45}{18} см$$

қүнгірт-коңыр-сарғыштау, аздаған өте жіңішке шептесін өсімдіктердің тамырлары кездеседі, кесекті-призмалы, орташа құмбалшықты, тығыз, сәл ылғалды, тұз қышқылынан аздап қайнайды, келесі қабатқа өтуі біртіндеп.

$$B_2 \frac{45-68}{23} см$$

ашық қоңыр, сәл ылғалды, аздаған ақшыл түсті карбонат дақтары бар, шептесін өсімдіктердің өте аз мөлшерде жіңішке тамырлары кездеседі. Кесекті-призмалы, орташа құмбалшықты, тығыз, тұз қышқылынан қайнайды, келесі қабатқа ауысуы біртіндеп.

$$B_k \frac{68-96}{28} см$$

куқыл түсті, сәл ылғалды, кесекті-призмалы, орташа құмбалшықты, өте тығыз, карбонаттар ақ көзше түрінде жинақталған, тұз қышқылынан құшті қайнайды, келесі қабатқа ауысуы түсі бойынша біртіндеп.

C – 96 см-ден

сарғыш түсті, кесекті, тығыз, сәл ылғалды, карбонатты орташа құмбалшық.

Топырактың атаяу: орташа құмбалшықты, аз қарашірінділі, орташа қалың, кәдімгі қара топырак.

Топырақ кескіні келесідей генетикалық қабаттардан тұрады: A<sub>жyр</sub> - B<sub>1</sub> - B<sub>2</sub> - B<sub>k</sub> - C. Беткі A жыртылма қабаттың қалындылғы 0-27 см. Түйірпектілігі дәнді-кесекті. Ол екі бөлікке бөлініп беткі 0-10 см-де топырак борпылдақ болып келсе, төменгі бөлігі 10-27 см тығыздалған. Топырақ кескінін алмаспалы B<sub>1</sub> қабаты 27-45 см қабаттың түсі A<sub>жyр</sub> қабатына қарағанда ашиқтау және кесекті-призмалы түйірпекті. Жалпы A+B<sub>1</sub> қабатының қалындылғы 45 см. Топырақ кескінінде карбонаттардың жиналуды негізінен B<sub>1</sub> қабатынан басталады, ал астыңғы B<sub>2</sub> 45-68 см, B<sub>k</sub> 68-96 см және С 96 см қабаттарында ақ көздер түрінде көп мөлшерде кездеседі. Карбонаттар мөлшері жоғарғы жыртылма қабатта жоқтың қасы (0,17%), ал B<sub>1</sub> қабатынан бастап 27-45 см-де (2,47%), B<sub>2</sub> 45-68 см тереңдікте (3,52%) B<sub>k</sub> 68-96 см-де оның мөлшері 10,94%-ға дейін жоғарлап, аналық тау жынысында 7,76%-ға дейін төмендеді. Топырактың тұз қышқылынан қайнау тереңдігі топырактың жыл сайын өндөлуіне қарамастан B<sub>1</sub> (27-45 см) қабатынан байқалады. Бұл көрініс топырақ ылғалының терең қабатқа тез сінбеуімен және булануымен түсіндірледі.

7-кескін Орман жолағының аяқталған шекарасынан солтүстік бағыттағы өндемеген тыңайған жер. Жер бедері – көлбеу жазықтық.

Өсімдік жамылғысы зоналдық шөптесін өсімдіктер (бетеге, ақселеу және әртүрлі шөптесін өсімдіктер).

Кәдімгі қара топырақта қазылған кескінінің морфологиялық сипаттары:

Aш  $\frac{0-3}{3}$  см

Жартылай шірінділенген және әлі шіріп ұлғірмен шөптесін өсімдіктердің қалдықтарынан тұратын шымды қабат.

A  $\frac{3-30}{27}$  см

қара түсті, шөптесін өсімдіктердің тамырлары кездеседі, дәнді-кесекті, тығыз, құрғақ, орташа құмбалшықты, тұз қышқылынан қайнамайды, келесі қабатқа ауысуы түсі бойынша айқын.

B<sub>1</sub>  $\frac{30-51}{21}$  см

қарашірінді ағындары мен аналық тау жыныстарының сынашалары кезектесіп орналасқан біртекті емес құнгірт-коңыр түсті, кесекті, тығыз, құрғақ, орташа құмбалшықты, қабаттың 30-40 см аралығында тұз қышқылынан әлсіз қайнайды, ал 40 см-ден бастап қайнауы күшейеді, келесі қабатқа ауысуы біртінде.

B<sub>2</sub>  $\frac{51-75}{24}$  см

сарғыш-коңыр түсті, аздал карбонат дақтары, шөптесін өсімдіктердің жіңішке тамырлары кездеседі, кесекті, тығыз, құрғақ, орташа құмбалшықты, карбонаттардың әлсіз дақтары бар тұз қышқылынан күшті қайнайды, келесі қабатқа ауысуы түсі бойынша біртінде.

V<sub>k</sub>  $\frac{75-115}{40}$  см

ақ көзше тәрізді карбонат дақтары бар ақшыл түсті, өте жіңішке қарашірінді ағындары байқалады, кесекті-призмалы, өте тығыз, құрғақ, орташа құмбалшықты, тұз қышқылынан күшті қайнайды, келесі қабатқа ауысуы біртінде.

C 115 см-ден

сарғыш түсті, ұсақ және ірі қабыршақты, тығыз, құрғақ, орташа құмбалшық.

Топырактың атаяуы: орташа құмбалшықты, аз қарашірінділі, орташа қалың, кәдімгі қара топырак.

Кескіннің үстіңгі шымды қабатында аз және шірімеген шөптесін өсімдіктердің тамырлары бар 0-3 см қалыңдықта қалыптасқан дала кигізі. Оның астында қарашірінді жиналған қалыңдылығы 27 см, дәнді-кесекті түйіртпекті A қабаты, одан кейін ол B<sub>1</sub> қабатына түсі бойынша анық ауысады. B<sub>1</sub> қабатының қалыңдылығы 30-51 см терендіктегі біртекті боялмаған құнгірт-коңыр түсті. Жалпы A+B<sub>1</sub> қабатының қалыңдылығы 51 см-ді құрады. Тұз қышқылынан 30 см-ден бастап қайнайды, ал 40 см терендікте және одан терен қабаттарда карбонаттың мөлшері артып (4,74%) HCl-дан қайнауы күштірек жүреді. Ал төменгі B<sub>1</sub> (51-75) см және V<sub>k</sub> (75-115) см терендіктегі қабаттардың түстепері карбонат мөлшеріне байланысты (B<sub>2</sub> қабатында 10,53% және V<sub>k</sub> қабатында 11,35%), ашық түске боялған және бұл қабаттарда тұз қышқылынан қайнайды.


Жоғарыда сипатталған қара топырактар қарашірінділі қабатының (A+B<sub>1</sub>) қалыңдылығы бойынша орташа қалынды. Қарашірінділі қабатының жетілуі бойынша ең қалың (53 см) қабат қайың орман жолағы астындағы топыракта қалыптасқан. Ал тыңайған жер топырағының қалыңдылығы 51 см-ге тең болды.

Қарашірінді қабатының ең аз қалыңдылығы (45 см) ашық аландағы егіншілікте пайдаланылатын бидай өсірілген танап топырағында анықталды. Бұл жағдай дәнді дақылдардың тамыр жүйелерінің таралуы тек беткі жыртылма қабатта (0-27 см) жинақталуына байланысты. Карбонаттардың шоғырлану терендігіне сәйкес, орман жолағы астындағы топырактың кескінінде тұз қышқылының ерітіндісінен қайнайды 53 см терендіктен басталады. Ал тыңайған және игерілген жердің топырактарында қайнайды үрдісі 27-30 см терендіктен әлсіз басталып, 40 см терендіктегі күшті қайнайды. Бұл құбылымның орман жолағы топырағында қарқынды жүруі гидротермиялық көрсеткіштерге тікелей байланыста екенінің дәлелі. Температурамен ылғалдың онтайлы көрсеткіштерінің әсерінен микроғазалардың қарқындылығы жоғарыладап, кальций карбонаты бикарбонатқа ауысып, топырақ кескіні бойымен төмен жылжыған. Соның әсерінен орман жолағы топырағының беткі қабатындағы карбонаттардың мөлшері азайған.

Зерттелінген нұсқаларда B<sub>2</sub> қабатының қалыңдылығы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш орман жолағы астындағы топыракта 91 см терендікке жетсе, игерілген және тыңайған жердегі топырактарда 68 және 75 см терендікке жеткен. Топырактағы карбонат мөлшерін салыстыратын болсақ қайың орман жолағының астынан алынған топырактағы карбонаттар мөлшері беткі қабатта ең аз мөлшерді

көрсетті, осы топырактың морфологиялық қасиетін сипаттағанда карбонаттардың төменге қарай шайылуы келтірілген. Ал топырақтың беткі қарашірінділі қабаттарында карбонат мөлшерінің жоғары көрсеткіші тыңайған жер нұсқасында анықталды. Ал жыртылған жер топырағында бұл көрсеткіш кескіннің 68 см-ге дейінгі терендігінде басқа нұсқалармен салыстырғанда мөлшері азырақ болды. Барлық нұсқалардың төменгі С қабаттарында карбонаттар мөлшерінің азайуы анықталды.

Топырақ кескіндеріндегі карбонаттардың мөлшері морфологиялық қасиеттерінің сипатымен тікелей байланысты екені анықталды (1-сурет).



Сурет - 1 Зерттелінген топырақ нұсқаларындағы карбонаттардың жиналу мөлшері, %

Қайың орман жолағы нұсқасына қарағанда, жыртылма және тыңайған жерлер топырактарының карбонат мөлшерінде келесідей ерекшеліктер байқалады. Қайың орман жолағы астындағы топырақта карбонаттар кескіннің төменгі ( $B_2$  53-91 см) қабатында мол жиналып 9,5%-ды құрады және оның мөлшері С қабатында (91 см) жоғарлап 11,35%-ға жетті. Ал жыртылма жер топырағында карбонаттар  $B_k$  (68-96 см) қабатында жинақталып 10,94% құрады. Тыңайған жер нұсқасында бұл көрсеткіш кескіннің жоғарғы  $B_1$  қабатынан бастап жинақталып, 30-51 см қабатта 4,74%,  $B_2$  қабатында 10,53% (51-75 см), ал  $B_k$  қабатта (75-115 см) 11,35%-ға дейін жоғарылады.

#### Қорытынды

Зерттелінген нұсқаларда қайың орман жолағы астындағы кәдімгі қара топырақтың ( $A+B_1$ ) қабатының қалыңдылығы тыңайған жерден 3 см-ге, игерілген жерден 8 см-ге жоғарылады.

Карбонаттардың шоғырлануы тыңайған жerde 23 см-ге, жыртылма танапта 26 см терендікке төмөндегені анықталды.

## **Әдебиеттер тізімі:**

1. Господарская Н.Д., Ерусалимский В.И. Почвопреобразующее влияние широких лесополос в сухой степи // Почвоведение. 1980. №11. - С. 109-116.
2. Сабирзянов И.Г. Почвенная экология полезащитных лесных насаждений Предуралья // Диссертация на соискание степени кандидата с/х наук. УФА. -2005 – С. 130.
3. Карпачевский Л.О., Боровинская Л.Б., Хайдапова Д.Д. Особенности водного режима лесных полос в сухостепной зоне // Почвоведение. 1989. №3. - С. 39-52.
4. Байко В.П., Горбуленко А.С. К вопросу о воздействии полезащитных лесных полос на почву // Почвоведение. 1949. №6. - С. 313-324.
5. Соловьев П.Е. Влияние лесных насаждений на почвообразовательный процесс и плодородие степных почв // Москва. 1967. -284 с.
6. Парамонов Е.Г., Симоненко А.П. Основы агролесомелиораций / Барнаул: Издательство АГАУ. 2007. - 224 с.

### **ИЗМЕНЕНИЯ МОРФОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПОЧВЫ СТЕПНОЙ ЗОНЫ ПОД ВЛИЯНИЕМ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ**

**Б.Жұмабек, К.М.Мухаметкаримов, Р.Х.Рамазанова, С.О.Кенжегұлова**

*По результатам полевых и лабораторных исследований установлено, что мощность гумусового горизонта ( $A+B_1$ ) обычного чернозема под лесными полосами составила – 53 см, на залеже к северу (50 м) от лесопосадки – 51 см и на поле с посевом пшеницы (от лесопосадки 25 м) всего – 45 см. Такое изменение мощности гумусового слоя почвы из-за оптимального гидротермического условия под лесными насаждениями накопления дернового горизонта ( $A_o$ ) в почве.*

### **CHANGES OF MORPHOLOGICAL PARAMETERES OF SOIL OF THE STEPPE ZONE UNDER THE INFLUENCE OF ECOLOGICAL CONDITIONS**

**B.Zhumabek, K.M.Muhamedkarimov, R.Ramazanova, S.O.Kenzhegulova**

*According to the results of field and laboratory researchs have installed that the capacity of humus horizon ( $A + B_1$ ) of ordinary chernozem under forest strips was – 53 cm, on fallow lands to the north (50 m) from the plantations - 51 cm and on the field with the sowing of wheat (from forest plantations 25 m ) of all -. 45 cm This change in thickness of the humus layer of the soil due to the optimal hydrothermal conditions under forest stands and the accumulation of the sod horizon ( $A_o$ ) in the soil.*

УДК:664

**Р.М. Исқаков, И.К. Тұрсынбекова, Ж.С. Кайыржанова, Э.С. Рахимберлина**  
Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана

### **АНАЛИЗ ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ МЕЛКОГО УДАРНОГО ИЗМЕЛЬЧЕНИЯ КОРМОВ**

**Аннотация:** В статье анализируется вопрос мелкого ударного измельчения кормов. В частности приводятся сведения о технических устройствах, конструкциях, технологиях. Представленный обзор патентов дает возможность выявить тенденции развития техники и технологии мелкого ударного измельчения кормов.

**Ключевые слова:** ударное измельчение, корма, технологическое оборудование, технологии приготовления кормов.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана отмечается «В аграрном секторе будет реализован беспрецедентный проект по развитию мясного животноводства. ... Всё это будет стимулировать рост производства в смежных отраслях –

сельскохозяйственном машиностроении, химической и пищевой промышленности, кормопроизводстве, ремонте техники» [1].

Исследователи, внесшие вклад в изучение процессов измельчения в молотковых дробилках [2-3], пришли к выводу, что значимая эффективность разрушения измельчаемых частиц происходит при ударном нагружении. Например, по данным В.П. Барабашкина, стоимость измельчающих машин ударного действия на единицу производительности ниже, чем валковых дробилок в 1,5-2,0 раза; масса в 4,0 раза меньше; установленная мощность электродвигателей в 1,2-1,5 раза ниже. Многими учеными определялась эффективность применения ударного способа для измельчения различных материалов. А.Ф. Неменущий пришел к выводу, что более качественное дробление обеспечивают машины ударного действия в сравнении с валцовыми станками. М.А. Харбей отметил высокую производительность молотковых дробилок. Л.Е. Айзинович также отнес способ измельчения ударом к наиболее перспективным.

Как известно принцип работы молотковой дробилки заключается в следующем. Сырье (например костная шквара) из загрузочного отверстия поступает в рабочую зону дробилки. При вращении ротора молотки под действием центробежной силы принимают радиальное положение, разбивают шквару и отбрасывают ее в сторону деки, где снова происходит разрушение частиц шквары. Они, отразившись от деки, снова попадают под действие молотков, которые придают им вращение относительно неподвижной обечайки. При этом происходит интенсивное истирание частиц. Частицы, большие по величине, чем отверстия в сите (или между колосниками), подвергают воздействию молотков, деки и сита (колосников) до тех пор, пока они смогут пройти через отверстия сита. Измельченный продукт, проваливаясь через сито, выводится из дробилки. Этому способствует также воздух, прогоняемый ротором сквозь сито. На степень дробления шквары влияет величина зазора между молотками и неподвижной обечайкой, размер отверстий сита, частота вращения ротора, форма и величина молотков и рифлей деки. Степень дробления в дробилке регулируют, подбирая размеры отверстий сит.

Широко известны дробилка БДМ-400, Дауни BMP-4-3, К7-ФМЛ/7. Из отечественных известна молотковая дробилка марки ДИК-1,5, которая весьма успешно используется в ряде хозяйств Республики Казахстан и предназначена в основном для дробления сырья растительного происхождения [4]. Всестороннее изучение рассматриваемый вопрос имеет в среде изобретателей. В таблице 1 представлен краткий обзор оригинальных изобретений, касающихся техники и технологии мелкого ударного измельчения кормов.

Таблица 1 – Изобретения, касающиеся техники и технологии мелкого ударного измельчения кормов

Наименование изобретения	Реферат
Универсальный измельчитель кормов [5]	Универсальный измельчитель кормов содержит молотковую дробилку и режущую машину, цилиндрические корпуса которых соединены между собой каналом, причем боковые стенки канала выполнены из двух частей, одна из которых закреплена на цилиндрическом корпусе молотковой дробилки, а другая часть - на цилиндрическом корпусе режущей машины с возможностью поворота вокруг оси их крепления и перемещения относительно друг друга, при этом каждый цилиндрический корпус установлен с возможностью поворота вокруг своей оси по или против часовой стрелки для изменения угла сопряжения стенок канала с корпусами молотковой дробилки и режущей машины.
Молотковый измельчитель кормов [6]	Молотковый измельчитель кормов может быть использован в животноводстве и птицеводстве. Предлагаемый измельчитель молоткового типа снабжен броневой плитой, выполненной в виде кругового желоба и расположенной внутри классифицирующего перфорированного цилиндра. На его поверхности имеются участки, на каждом из которых размеры отверстий одинаковы, но отличаются от размеров отверстий других участков. Ротор с молотками смешен вниз относительно расположенных соответственно между собою корпуса, цилиндра и желоба, вследствие чего ниже оси ротора обеспечивается необходимый радиальный зазор между молотками и классификатором. Выше ротора на поверхности желоба установлены ребра различной высоты.
Молотковый измельчитель	Молотковый измельчитель содержит корпус с выгрузочным окном, крышку с загрузочным бункером, классификатор, электродвигатель, ротор с молотками, ось

[7]	которого смешена относительно оси корпуса с образованием серповидного зазора, в котором размещены ребра различной высоты. В нижней части загрузочного бункера выполнено отверстие, под которым расположен наклонный желоб, примыкающий к отверстию в крышке. Классификатор выполнен с виде желоба и расположен в корпусе между двумя нижними соседними ребрами, а ребра закреплены на внутренней поверхности корпуса.
Способ измельчения двух и более сырьевых материалов [8]	Трудноизмельчающийся хрупкий материал (известняк) подвергается измельчению в прессвалковом измельчителе совместно с влажным нехрупким материалом (глиной) в мельнице. Агломерат хрупкого материала и исходный нехрупкий влажный материал подвергают совместному измельчению и сушке в молотковой мельнице-сушилке и досушке в воздушном сепараторе. Грубые частицы выносимого из молотковой мельницы-сушилки сушильным агентом измельченного материала, отделенные в воздушно-проходном классификаторе грубой очистки и крупку, отделенную в сепараторе, подают на доизмельчение в валковую машину, присоединяя к исходному материалу. В молотковую мельницу-сушилку подают глинистый компонент сырьевой шихты с влажностью до 25%.
Измельчитель [9]	Измельчитель содержит корпус, внутри которого установлен молотковый ротор. На приводном валумолоткового ротора и на его дисках предусмотрены лопатки, направляющие воздух с взвешенными в нем частицами измельчаемого материала из застойных зон в кольцевые периферийные зоны наиболее интенсивного ударного воздействия молотков. Измельченный материал просеивается через отверстия колосниковой решетки и отсасывается в бункер.
Молотковый измельчитель [10]	Молотковый измельчитель содержит корпус с выгрузочным окном, крышку с загрузочным бункером, классификатор, привод, ротор с молотками, ось которого смешена относительно оси корпуса с образованием серповидного зазора, в котором размещены ребра различной высоты, отличающийся тем, что в нижней части загрузочного бункера выполнено отверстие, под которым расположен наклонный желоб, примыкающий к отверстию в крышке, причем классификатор выполнен в виде желоба и расположен в корпусе между двумя нижними соседними ребрами, а ребра закреплены на внутренней поверхности корпуса.
Способ измельчения материалов и измельчитель [11]	Способ измельчения материалов и измельчитель включают загрузку материала в бункер, продольную подачу материала к приводному молотковому ротору, фрезерование материала ротором при его реверсивном поперечном перемещении относительно направления подачи материала и выгрузку измельченного материала. Фрезерование материала производят при переменной ширине рабочей зоны ротора, которую изменяют обратно пропорционально плотности материала в зоне измельчения. Пропорционально скорости изменения ширины рабочей зоны ротора производят изменение скорости поперечного перемещения этой зоны. Измельчитель включает бункер с встроенным в днище продольным подающим транспортером, расположенный перед транспортером молотковый ротор, установленный на приводном валу, закрепленном на платформе, и выполненный в виде расположенных с зазором дисков, соединенных по периферии осями, несущими поворотные в плоскости вращения ротора молотки, приводной механизм реверсивного поперечного перемещения платформы и поперечного перемещения платформы и поперечный выгрузной транспортер. Ротор содержит смешенные по его окружности и расположенные между дисками две группы молотков. Первая группа примыкает к первому по ходу движения платформы диску, а вторая - к последнему диску. Оси выполнены длиной, превышающей расстояние между наружными плоскостями дисков, и в пределах группы своих молотков жестко связаны между собой в блок, установленный с возможностью подпружиненного смещения молотков первой группы в сторону второй группы молотков.
Универсальный измельчитель кормов [12]	Состоит из молотковой дробилки и режущей машины, соединенных между собой каналом, отличающийся тем, что канал имеет возможность менять угол сопряжения своих стенок с корпусами дробилки и режущей машины.
Молотковый	Молотковый ротор измельчителя материалов включает приводной диск, по

ротор измельчителя материалов [13]	<p>периферии которого перпендикулярно к его плоскости равномерно по окружности диска расположены оси, на которых с возможностью поворота относительно диска шарнирно закреплены молотки, отличающийся тем, что у каждого молотка в рабочем положении его центр масс смещен по окружности вращения относительно радиуса диска, проходящего через ось поворота молотка, в направлении, противоположном направлению рабочего вращения ротора, а диск снабжен упорами, взаимодействующими с молотками в их рабочем положении с блокировкой перемещения центра масс молотка к указанному радиусу. Смещение центра масс молотка <math>\Delta</math> определено из условия</p> $\Delta \geq \frac{N \cdot l}{nm\omega^3 (R + 1) R},$ <p>Центр масс молотка расположен у свободного конца молотка.</p>
Молотковый измельчитель кормов [14]	<p>Молотковый измельчитель кормов включает корпус с молотковым ротором. Внутри корпуса помещен классификатор в виде перфорированного цилиндра, разделенного на участки. Перфорация одинакова на одном участке и отличается от других участков. На внутренней поверхности желоба размещены противорезы-ребра. Ротор смещен вниз относительно расположенных соосно между собою корпуса, цилиндра и желоба, при этом ниже оси ротора обеспечен необходимый радиальный зазор между молотками и классификатором.</p>
Измельчитель кормов универсальный [15]	<p>Состоит из молотковой дробилки и режущей машины, соединенных между собой каналом с поворотной заслонкой, отличающейся тем, что в дробилке установлен дополнительный разгрузочный патрубок с заслонкой.</p>
Молотковая дробилка [16]	<p>Молотковая дробилка включает дробильную камеру, деку, молотковый ротор, решето, вихревые камеры, входную и выходную горловины. Вихревые камеры установлены на торцевых стенах дробильной камеры. Ширина вихревых камер равна или больше толщины воздушно-продуктового слоя. Вихревые камеры могут быть установлены с обеих сторон дробильной камеры.</p>
Молотковая дробилка [17]	<p>Молотковая дробилка может применяться для измельчения сыпучих материалов. Дробилка содержит раму, на которой установлены корпус с декой, расположенной на его внутренней боковой поверхности, вертикально установленный ротор с молотками, крепящимися к нему при помощи пальцев, выгрузное окно, выполненное в днище корпуса, загрузочную горловину, привод. На роторе установлены разгонные пластины, на поверхности деки, на уровне молотков верхней пластины, установлено направительное кольцо в месте соединения молотков с пальцами. В пальце и молотке выполнены пазы, в которых установлен подпружиненный фиксатор, при этом глубина паза в молотке меньше длины подпружиненного фиксатора, а глубина паза в пальце молотка больше длины подпружиненного фиксатора. Пальцы молотков жестко связаны с пластинами ротора, а загрузочная горловина выполнена в виде воронки, внутри носовой части которой установлены конические кольца. Обеспечивается работа посредством привода.</p>
